Mentor
әдістемелік орталығы

Республикалық ғылыми-танымдық
әдістемелік журналы

ÜZDIK QALAM



Ақтөбе қаласы

№19(12) 2024

МАЗМҰНЫ
CONTENT
СОДЕРЖАНИЕ

Пеннер Наталья Александровна....4
Абдрахманова Жулдыз Коныскалиевна....6
Алписов Алтынбек Шукирбаевич....8
Амирова Гульзаман Уаповна....10
Анесова Динара Кенжегалиевна....11
Арсланова Маншук Табылдиевна....12
Болдырева Айнур Бекболатовна....15
Гиззатова Альфия Айсиновна....17
Даутова Дина Нагмановна....19
Есетова Асель Муратовна....21
Жапаева Нурсулу Ермековна....22
Ибрагим Азамат Асылбекұлы....24
Калдыбаева Гульмира Куванышгалиевна....26
Коршикова Валентина Вячеславовна....27
Қайсарханова Баян Қазболатқызы....29
Мансурова Сауле Жарылкасыновна....32
Маратқызы Ақнұр....38
Мустафина Асем Серекпаевна....40
Омашева Индира Куанышевна....42
Отарова Салтанат Биржановна....44
Пеннер-Насибулина Дарья Александровна....46
Сақтапбергенова Бибігүл Қуанышбайқызы....48
Серых Светлана Владимировна....49
Тамабаева Жазира Өтесінқызы....52
Тунгускова Элина Валерьевна....53
Турешова Анаргуль Умирхановна....55
Уразмухамбетова Асель Казиевна....56
Утарбаева Венера Ерсаиновна....59
Шонтыбаева Анаргул Ескуатовна 61
Щербакова Евгения Анатольевна....62
Есмуканов Айдос Мейрамбаевич....65
Кәрібай Думан Багдатұлы....68
Мусина Айнур Абдигапуровна....69
Куприянчик Виктория Игоревна....72
Альпеисова Асел Абаевна....74
Шокбутова Гулнур Куанышевна....76
Ержанова Анар Асылхановна....80
Мусина Нургуль Саутбаевна....82
Еспаева Айтбике Тореxановна....84
Расмұхамбетова Орынгүл Қуандыққызы....86

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ ЕРЕЖЕСІ

Мақсаты:
Педагогтердің ғылыми-танымдық әлеуетін дамыту. Басылымы Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қою туралы № KZ49VPY00083149 куәлігі 2023 жылы 04 желтоқсанында берілген, құжатқа сәйкес 2024 жылдан бастап шығарылады. Кезеңдік басылым: 1 жылда 24 рет, қазақ, орыс және ағылшын тілінде жарық көреді. Журналда Қазақстан Республикасының арнайы және жоғары оқу орындары, мектепке дейінгі ұйым, ЖББОМ педагогтерінің шетелдік ғалымдар, ғылыми-зерттеу мекемелерінің ғалымдары орындайтын (орындаған) іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің, эксперименттік әзірлемелердің нәтижелері, сондай-ақ ғылымиақпараттық материалдар және т.б. жарияланады.

ЖАУАПТЫЛАР:
Бас редактор:

Нурбергенова Сауле Турмаганбетовна
Бас редактордың орынбасары:
Жайтапова Алтынай Альбековна, п.ғ.д., профессор
Редакция алқасы:
Тихомирова Валентина Тихоновна п.ғ.к., доцент
Сулекенова Гульжан Утесиновна
Рысбекова Айнур Маратовна
Озган Мехмет
Дауметова Салтанат Турмаганбетовна
Дизайн:
Муханбедин Аружан Айбаркызы

Меншік иесі: «Mentor» әдістемелік орталығы (Ақтөбе қаласы)
Редакцияның мекен-жайы: Индексі-030000
Ақтөбе қаласы, А.Молдагулова даңғылы 66/2
Авторлар қолжазбасы, суреттер өңделмейді және кері қайтарылмайды.
Редакция авторлар мақаласының мазмұнына жауап бермейді.
Журналда жарияланған материалдары көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, сілтеме жасалуы міндетті.
Журналға жинақтарыңызды kalam2025@mail.ru. почта арқылы жіберулеріңізге болады.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

РАЗВИТИЕ НАВЫКОВ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ ПРИ ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ

Пеннер Наталья Александровна
старший преподаватель ФАО «НЦПК Өрлеу» ИПР
по Актюбинской области

Аннотация. Статья посвящена важности развития критического мышления у учащихся в процессе обучения английскому языку. В ней рассматриваются различные подходы и методы, которые способствуют формированию аналитического и рефлексивного подхода к языковому материалу. Основное внимание уделяется работе с текстами, дебатам, анализу медиа-контента, решению проблемных задач и стимуляции глубокомысленных вопросов. Развитие критического мышления помогает учащимся не только улучшить языковые навыки, но и становится важным инструментом для формирования осознанного и глубокого восприятия окружающего мира.

Критическое мышление — это способность анализировать информацию, оценивать её с разных точек зрения и делать обоснованные выводы. Важность развития критического мышления в обучении английскому языку трудно переоценить, так как это не только помогает ученикам улучшать свои языковые навыки, но и формирует способность к глубоком размышлению, решению проблем и более осознанному восприятию мира.

1. **Чтение и анализ текстов** является важнейшим элементом обучения языку, и оно может стать отличной основой для развития критического мышления. Преподаватель должен побуждать учащихся не просто воспринимать информацию на слух, но и осмысленно анализировать её. Одним из эффективных способов является работа с различными текстами, где учащиеся должны:

- Выделить главную идею текста, проанализировать аргументы автора.
- Определить скрытые намерения или подтексты, обсуждая, почему автор выбрал те или иные слова.
- Оценивать, насколько убедительны факты и утверждения, приведенные в тексте.
- Задавать вопросы, такие как: «Почему автор использует такой подход?», «Какие альтернативы могут быть у решения, предложенного в тексте?»

Такой подход развивает навыки анализа и углубленного понимания, а также помогает учащимся научиться не только понимать информацию, но и критически оценивать её.

2. Дебаты и обсуждения на английском языке являются одним из лучших способов развить критическое мышление у учащихся. Во время дискуссий учащиеся учат не только выражать свои мысли, но и слушать, анализировать и критически оценивать чужие идеи.

Преподаватель может предложить учащимся обсуждать актуальные темы, такие как:

- «Нужна ли обязательная вакцинация?»
- «Как цифровые технологии изменили наше общество?»

Задача преподавателя — не только создать условия для свободного обмена мнениями, но и поощрять учащихся приводить факты и аргументы в поддержку своей точки зрения. В процессе таких обсуждений ученики учат задавать уточняющие вопросы, быть открытыми к другим точкам зрения и, главное, учат аргументировать свою позицию на основе логики и доказательств.

3. Анализ медиа-контента. Современные учащиеся постоянно сталкиваются с большим количеством информации через интернет, телевидение и социальные сети. Чтобы развить критическое мышление, преподаватель должен учить учащихся анализировать медиа-контент, выявлять скрытые манипуляции и распознавать предвзятость. Для этого можно:

- Обсудить новости и статьи, помогая учащимся выделять факты и мнения, различать объективность и субъективность в источниках.
- Попросить учащихся анализировать рекламные объявления, видео или посты в социальных сетях, чтобы понять, как используются языковые средства для манипуляции восприятием.
- Задавать вопросы, например, «Какие аргументы приводятся в этом видеоролике?» или «Какой скрытый посыл можно увидеть в этой статье?».

Этот процесс помогает учащимся развивать навыки фильтрации информации и анализа того, что они читают, смотрят или слышат, а также учит их не принимать информацию на веру, а проверять её на достоверность.

4. Разработка проблемных задач, которые требуют размышлений и анализа, являются эффективным инструментом для развития критического мышления. Преподаватель может предложить учащимся решить практическую задачу, которая требует применения логики, исследования и анализа.

Пример задания:

• «Представьте, что вы управляете крупной компанией. Как бы вы убедили коллег поддержать идею о внедрении нового продукта? Какие аргументы вы использовали бы?»
• «Как бы вы решили проблему загрязнения в вашем городе? Какие шаги нужно предпринять, чтобы изменить ситуацию?»

Задания такого типа развивают способность к логическому мышлению, а также позволяют учащимся использовать английский язык для обсуждения реальных ситуаций, принимая обоснованные решения.

5. Использование вопросов, стимулирующих мышление

Важным элементом развития критического мышления является умение задавать правильные вопросы. Преподаватель должен поощрять учащихся задавать не только уточняющие, но и более глубокие, стимулирующие размышления вопросы. Это помогает учащимся не просто отвечать на вопросы, но и развивать навыки анализа.

Пример стимулирующих вопросов:
• «Что было бы, если бы...?»
• «Почему вы считаете, что это решение лучше других?»
• «Какие альтернативные решения вы могли бы предложить?»
• «Какую информацию вы бы добавили в этот текст, чтобы он стал более убедительным?»

Задавая такие вопросы, преподаватель развивает у студентов не только способность размышлять, но и активизирует их воображение, что является важной частью критического мышления.

6. Самоанализ и рефлексия

Для того чтобы критическое мышление стало неотъемлемой частью обучения, важно регулярно предоставлять учащимся возможность для самоанализа и рефлексии. Это помогает им лучше понять свои собственные мысли, оценивать свои достижения и осознавать ошибки.

Преподаватель может предложить учащимся:
• Писать рефлексивные эссе, в которых они должны будут проанализировать свою точку зрения по обсуждаемой теме.
• Проводить анализ ошибок, чтобы понять, какие логические ошибки они допустили, и как избежать их в будущем.
• Задавать вопросы: «Как бы вы оценили свои аргументы?» или «Что бы вы изменили в своём ответе после обсуждения с другими?»

Развитие критического мышления при обучении английскому языку помогает учащимся не только овладеть языковыми навыками, но и научиться анализировать информацию, аргументировать свои взгляды и принимать обоснованные решения. Это важная способность, которая влияет на успех в учебе, карьере и личной жизни. Важно, чтобы преподаватель использовал различные методы — от работы с текстами и медиа-контентом до организации обсуждений и проблемных заданий, что помогает учащимся развивать способность мыслить независимо и критически.

Использованная литература

1. Барон Л. В. «Критическое мышление и образование». 2022
2. Васильева Е. И. «Роль критического мышления в обучении иностранным языкам». 2020
3. Макарова Т.Л. «Интерактивные методы обучения английскому языку». 2019
4. Панова, И. В. «Использование медиа-контента для развития критического мышления у школьников». 2020

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
UZDIK KALAM

АДАМ АҒЗАСЫНА МАКРО, МИКРО, УЛЬТРАМИКРО ЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ ХИМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Абдрахманова Жулдыз Коныскалиевна
«Бопай ханым жогары медициналық колледжі» ЖШС
Химия-биология пәндерінің оқытушысы

Қайда қарасақ та, қайда көз жүгіртсек те көретініміз химия ғажайыптары.
М.В.Ломоносов

Жер бетіндегі барлық тірі ағза, оның ішінде адам қоршаған ортамен тығыз қарым-қатынаста өмір сүреді. Сол арқылы біздің ағзамызға химиялық элементтер түседі. Яғни олар біздің жеген асымыз бен ішкен суымыз арқылы бойымызға таралады. Кейбір ғалымдардың айтуынша, ағзаға түскен химиялық элементтердің әрқайсысы белгілі бір биологиялық қызметті орындайды. Осы бағыттағы зерттеулер нәтижесінде 30-ға жуық элементтің биологиялық рөлі анықталған.

Мәселен, адам ағзасының 60% судан, 34% органикалық, 6% бейорганикалық заттардан тұрады. Органикалық заттарға көміртегі, сутегі, оттегі, сондай- ақ, бұлардың қатарына азот, фосфор, күкірт жатады. Ағзадағы бейорганикалық заттарда міндетті түрде мынадай 22 элемент болады: Ca, P, O, Na, Mg, S, B, Cl, K, V, Mn, Fe, Co, Ni, Cu, Zn, Mo, Cr, Si, I, F, Se. Мысалы, егер адамның салмағы 70 кг болса, онда 1700 грамм кальций, 250 грамм калий, 70 грамм натрий, 42 грамм магний, 5 грамм темір, 3 грамм мыс болады екен. Бұл элементтерді тірі ағзалардағы орташа мөлшеріне қарай макроэлементтер, микроэлементтер және ультрамикроэлементтер деп үшке бөледі. Ал тіршілік үшін маңыздылығына байланысты тіршілікке қажетті элементтер, қосымша элементтер және өте аз элементтер деп өзара бөледі. Сондықтан, химиялық элементтердің біреуінің жоқ болуы немесе жетіспеуі ағзадағы қалыпты жағдайды бұзады. Алайда, ағзадағы қандай да бір элементтің шамадан тыс болуы да ауыр салдарға әкеп соғады.

1. Макроэлементтердің (оттегі, сутегі, көміртегі, азот, фосфор, күкірт, кальций, магний, натрий және хлор) ағзадағы мөлшері 10%-дан жоғары болады.

2. Микроэлементтердің (йод, мыс, мышьяк, фтор, бром, стронций, барий, кобальт) ағзадағы мөлшері — 10%-15%.

3. Ультрамикроэлементтер — (сынап, алтын, уран, торий, радий және т.б.), олардың ағзадағы мөлшері 15%-дан төмен.

Тіршілік үшін маңызды қарай химиялық элементтер:

1.Тіршілікке қажетті элементтер. Олар адам ағзасында үнемі болады және ферменттер, гормондар, дәрумендер құрамына кіреді: H, O, Ca, K, P, Na, S, Mg, Cl, C, I, Mn, Cu, Co, Fe, Zn, Mo, V. Олардың жетіспеушілігі адамның қалыпты өмір сүруін бұзады.

2. Қосымша элементтер. Бұл элементтер жануар мен адам ағзасында болады: Ga, Sb, Sr, Br, F, B, Be, Li, Si, Sn, Cs, Al, Ba, Cl, As, Rb, Pb, Ra, Bi, Cd, Cr, Ni, Ti, Ag, Th, Hg, V, Se. Олардың биологиялық маңызы осы уақытқа дейін толық зерттелмеген.

3. Өте аз элементтер. Адам және жануар ағзаларынан табылған, мөлшері және биологиялық маңызы белгісіз.

Ендігі кезекте адам ағзасына аса қажет элементтер туралы деректерге тоқталатын болсақ:

Оттегі. Адам тамақ ішпеуге бар, бірақ тыныс алмай өмір сүре алмайды, себебі адам организмінде оттегі қоры шектеулі. Ол 2 – 3 минут қана тыныс алуына жетеді, ал бес минут өткен соң, ауа келмегендіктен адам организмінде орнына келмейтін процесс басталады, ми қабаты жұмысын тоқтатады, биологиялық өлім келеді.

Темір. Бұл элементтің рөлі денсаулық үшін өте зор. Егер темір жетіспесе, баршамызға белгілі анемия немесе қаназдық ауруы пайда болады. Бұл элементтің ағзадағы тәуліктік мөлшері — 11-30 мг. Адам қанында 3 грамға жуық темір бар. Оның мөлшері көрсетілген шамадан төмен болса, қанның қызыл жасушасының, яғни, гемоглобиннің түзілуі бұзылып, тыныс алу қызметі нашарлайды. Темір жұмыртқаның сарысында, қарақұмықта, грек жаңғағында, күнжіт, фасоль, өрікте, мейізде көп болады.

Йод. Қалқанша безі мен гипофиздің жұмысын жақсартады. Радиация әрекетінен қорғап, радиоактивті йодтың жиналуын ескертеді. Йод селенге тәуелді, ол ағзада селенсіз әрекет етпейді. Бұл элементтің жетіспеуі негізгі зат алмасу процесін төмендетеді. Ағзадағы йодтың аз болуы ең әуелі орталық жүйке жүйесіне әсер етеді. Йод жетіспеушілігі иммундық жүйені әлсіретеді, ісік

дамуының қатерлілігін арттырады, ең алғашқы кезекте қалқанша безінің ауруын қоздырады. Йод ас тұзында болады. Соңғы уақытта ұнды да йодпен байытып жүр.

Кальций. Адам ағзасында 1000-1200 грамм кальций болады, соның 99 пайызы сүйекте, тіс киреукесінде, ал 1%-ы ішкі жасушада, қан құрамында маңызды роль атқарады. Дәрігерлердің зерттеулеріне сүйенсек, Қазақстандағы әрбір үшінші әйелде және әрбір бесінші ер адамда кәрі жілік және сан сүйегінің сынығы бар. Нақты айтқанда, елімізде жарты миллионға жуық адам остеопороз ауруының зардабын тартуда. Ал бұл тікелей осы кальций элементінің жетіспеуі салдарынан туындайды екен. Кальций сүйектің саулығы мен беріктігін сақтайды. Кальций сүтте, жалпы ағарғанда, балықта, теңіз өнімдерінде көп болады.

Магний. Адамға күніне шамамен 400 мг магний керек. Магний жетіспеген кезде көңіл-күй құбылады. Адам ашуланшақ, жылауық болады, ұйқысы нашарлайды. Ал магний — күйзеліске қарсы макроэлемент. Әсіресе, В6 витаминімен бірге ол жүйке ұлпаларының жұмысын жақсартады. Сондай-ақ сүйек түзуге де қатысады. Ғалымдар қант диабеті және бронхит ауруларында да магнийді мырыш, хром, селенмен бірге қолдануда оң нәтиже беретінін айтып жүр. Магний жасыл жапырақты көкөністерде, авокадо, балықта және кептірілген цитрусты жемістерде көп болады.

Фосфор. Бұл — күш-қуат көзі. Қаңқаның мықтылығы құрамындағы фосфор мен кальцийдің мөлшеріне тығыз байланысты. Фосфордың мөлшері кальцийден бір жарым есе көп болуы керек. Ондай болмаған жағдайда тепе-теңдік мөлшерін белгілі бір деңгейде ұстап тұру үшін жеткіліксіз мөлшерін сүйектегі қордан алады. Бірақ D витамині оның арақатынасын реттеп отырады. Фосфор жүйке жасушаларының қызметі үшін де ке¬рек. Сондықтан оның мөлшері барлық уақытта біркелкі болуы керек. Фосфор ақуызы мол ет, сүт өнімдерінде кездеседі.

Мыс. Егер ағзада мыс жетіспесе, бауырда қорланған темір гемоглобинмен байланысқа түсе алмайды. Мыстың мөлшерінің аз немесе көп екендігінің көрсеткіші — адамның шашы. Мыстың мөлшері төмендеген кезде немесе жетіспеген жағдайда шаш тез ағарады. Мыс қанға оттегінің өтуін қамтамасыз етеді. Мыс ағзаға тағам арқылы түседі. Әсіресе, теңіз тағамдарында, қырыққабатта, картопта, қалақайда, жүгеріде, сәбізде, алмада көбірек кездеседі.

Селен. Бұл элемент иммундық жүйені қалыптастыруға ерекше әсер етеді. Ол жетіспегенде бұлшық ет әлсірейді. Әлсіздік, әсіресе, жүрек бұлшық етінде айқын білінеді. Селен теңіз өнімдерінде, еттерде мол мөлшерде кездеседі.

Мырыш. Ол — ағзадағы гормондар синтезіне араласатын маңызды элемент. Мырыш цитрус жемістерінде, қарақатта, сұлыда, қызанақта, қызылшада, асқабақ дәні мен шемішкіде, сарымсақта, сүтте, тазартылған күріште болады.

Калий. Қан қысымын төмендетеді. Жүрек қағысын реттейді. Бананда, өрік-мейізде, картопта мол болады.

Алтын. Күмістің бактерицидтік қасиетін арттырады. Ағзадағы иммундық процесті қалыпты етеді. Көне Греция мен Римде алтынды (пластинкаларын) ауызға салып, тамақ ауруларын емдеген екен. Сондай-ақ қазіргі медицинада да алтын қоспалары кеңінен қолданылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. https://stud.kz/referat/show/57163
2. Әбдіадырова Ғ., Танашева М., Төреғожина Ж. «Элементтер сойлейді» Биология, география және химия журналы, №5, 2002ж.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МУЗЫКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ РӨЛІ

Алписов Алтынбек Шукирбаевич
Байғанин аданы Б.Тәжібаев атындағы балалар музыка мектебінің домбыра аспабының оқытушысы

Адам баласы материалдық және рухани өмірдің ортасында тіршілік етеді де, өзі өмір сүріп отырған қоғамның мүшесі ретінде өзіндік ақыл-парасатымен, жеке бастың өзіне тән ақыл-ой, ерік-жігер, мінез-құлық ерекшелігімен көрінуге тырысып бағады. Қоғам мүшелерінің бәріне ортақ біркелкі мінез-құлықтық қасиеттің болуы мүмкін емес. Әр адам өзінше дараланған жеке тұлға.

Адамдар жеке тұлға болып бірден дүниеге келмейді. Әрбір адамды қалыптастыру, тәрбиелеп жетілдіру қажет.

Жеке тұлға дегеніміз адамның мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі, көзқарасындығы ерекшелігімен дараланууы .

Қоғамдық тұлғаларға ортақ этикалық бірыңғай болуына қарамастан, өзін қоршаған орта жөнінде әр адамның қалыптасқан өзіндік ой-пікірінің, көзқарасының болуы, олардың өзі көріп-білген құбылысқа деген көзқарасын, ой-пікірін білдіруі заңды құбылыс. Мәселен, біреулер айналасындағы құбылысқа таңдана, тамашалай қараса, ал енді біреулер сын көзімен қарап ой қорытуы, сыни пікірлер айтуы мүмкін.

Адамдардың қоршаған табиғи ортадағы құбылыстарды қабылдап түсінуі де әр түрлі. Ол адамның жеке басына тән физиологиялық, психологиялық, биологиялық ерекшеліктермен тығыз байланысты. Мәселен біреулердің бір нәрсені жасауға іскерлік қабілеті болса, екінші адамда оның болмауы, біреудің ұйымдастырушылық қабілеті күшті болса, ал екінші бір адамның ұйымдастыру ісіне қабілетсіз болуы, біреу бір айтқаннан білімді тез қабылдаса, ал екінші бір адамның абстракциялық ойлау қабілетінің баяу дамуы, біреулердің сурет салуға, ән салуға бейімділігі болуы мүмкін. Жеке бастың бұл ерекшеліктер адамдардың басқалармен ұжымдық қарым-қатынасында байқалады.

Сонымен бірге адам баласы өмірде үздіксіз тәрбие құшағында болатынын, бұрынғы игерген білім, білік, дағдылары біртіндеп көмескіленіп, оның орнына жаңа білім, білік, дағдыларды меңгерумен шұғылданатынын ескеруге де тура келді. Жеке тұлғаның ой-санасының, білім көлемінің толығуымен байланысты оның өмірге көзқарасы, белгілі құбылыстарға баға беруінде де өзгерістердің болуы, оның жаңаруы мүмкін. Бұған қоса әлеуметтік ортаның, отбасы мүшелерінің, жолдас-жораларының, таныстары мен достарының да белгілі мөлшерде әсер ететінін ескерсек, жеке тұлғаның ерекшелігінің басым болуына оның да ықпалы зор. Сондай-ақ басқалардың көзқарасын, ой-пікірлерін қабылдау дәрежесі де түрліше болады. Сондықтан да әр адамды бір-біріне ұқсамайтын, өзіндік ерекшелігімен дараланған тұлға дейміз.

Жеке тұлға өзін-өзі бағалауға да, өзінің іс-әрекетін, оның нәтижелерін басқалардың іс-әрекетімен салыстырып байқауға, басқалардың бойындағы артықшылық қасиеттерді көре, тани білуге, соған теңелсем, сондай болсам деп ұмтылыс, іс-әрекет жасауға да қабілетті.

Жеке тұлғаға тән қасиет – ақыл, ес, яғни олар өмірді өзінің сана-сезім өлшемімен қарап бағалауға бейім тұрады. Сондықтан өмірді танып білу дегеніміз миллиондаған жеке тұлғалардың сезім, түсінігінен тұрады.

«Тұлға» дегеніміз адамның келешек өмірдегі жобасының келбеті. Яғни адам өз бейнесін өзі жасаушы. Тұлға-жеке адамның өзін өмірде көрсетудегі мақсатының орындалуы ғана емес, оның ерік-жігерінің іске асуы. Яғни өзі жөніндегі ойын еркін іске асырудың дайындығы және оны іске асыруының нәтижесі, көрінісі. Сонымен бірге, тұлға дегеніміз сезімнің, әсердің, ішкі күйініш-сүйініштің бойға жинақталған көрінісі. Тұлғаның құрылымдық компоненттері үш бөліктен тұрады. Біріншіден – оның ақыл-ойын дамыту арқылы санасын жетілдіру; екіншіден-адамзаттық өркениетті тұлғаның бойына біртіндеп сіңіру; үшіншіден-жеке тұлғаны іс-әрекетке ендіру арқылы өзін-өзі тәрбиелеуге белсене қатыстыру. Тұлғаны тәрбиелеп жетілдіруде осы үш компонент органикалық бірлікте қызмет етеді.

Баланың тұлғасын жан-жақты дамытуды қаншалықты ерте бастау керек. Туған күннен-ақ бастап, балаларға әр түрлі жағдайлар әсер етеді. Үй тұрмысы, үлкендердің сөзі, қарапайым балалық өлеңдер, теледидар бағдарламалары және тағы да басқа әр түрлі жағдайлар баланың білімі мен сезіміне жастайынан айрықша әсер етеді.

Үлкендердің сөйлегендері баланың тұлғасына тек жағымды әсер еткен жағдай қазіргі уақытта қол жетпейін арман. Бірақ баламен қарым-қатынаста болатын адамдар оның рухани байлығы өте төмен екенін жақсы түсінеді. Сондықтан да әрбір мектеп баланың сана-сезімін байыту мақсатымен ән-күй пәндерін кешіктірмей беру керек. Кейбір кезде балалар музыкалық білімді алмай барлық пәндерден өте төмен балды алып жүрген жағдайлар да аз емес. Оқушыларға өнер саласын ашқаннан кейін, баланың дамуына үлкен әсер етеді. Музыкалық тәрбиені беру үшін алдымен оның мақсаты мен мүмкіндіктерін бөліп шығару қажет. Музыка ең алдымен эмоционалдық қанағаттандыруды береді. Екіншіден, музыкалық тәрбиенің негіз - ақыл-ойды ғылымның көмегімен жетілдіру. Үшіншіден - бұл эмоционалдық тәрбие. Ең алдымен балалардың қызығушылықтарын ескеріп, мектепте және оны бітіргеннен кейін толық музыкалық білімді алуды қамтамасыз ету керек. Әрбір әдістің негізін музыканың теориясы емес, практикалық жұмыстары қарайды. Балалар музыкаға қызығып кеткеннен кейін ол туралы көбірек білгісі келеді: музыкалық ноталардың белгілерін жазып үйрену, оларды әнге ауыстыру және тағы басқа. Музыка пәніне қызыққан бала кейін музыкалық теорияны да оқуға талпынады. Музыкалық практика тек қана өлең айту мен аспапта ойнаумен шектелмейді, сонымен бірге әнді тыңдауда практиканы құрайды. Әндер жеңіл, аспаптар–элементарлы, ал әуендер қарапайым болуы мүмкін бірақ қаншалықты құралдар мен материалдар жеңіл болғанмен, олардың көркемдік сапасы жоғарғы сатыда болуы ықтимал. Әрине дамудың ең бірінші сатысында музыкаға деген сүйіспеншілік фундаменті қаланады. Келесі сатыда балалар меңгерген білімін музыканы тереңдетіп тануға жұмсағылары келеді. Міне, дәл осы уақытта баланы әр түрлі кезеңдердегі музыкамен, оның бағыттарымен, стильдерімен таныстыру қажет. Сондай-ақ классикалық шығармалармен қатар жаңа заман шығармаларын беру қажеттілігін ұмытпау керек.

Тұлғаны тәрбиелеу – бұл қарым-қатынастың барлық түрлерін сатылы әрі үздіксіз дайындау және іске асыру деген сөз. Бұның нәтижесінде тұлға қоғамдық және мектеп құндылықтарын, әлеуметтік рәсімдерді, нормаларды, ұйымдастырушылық қабілетін және т.б. игереді.

Білім беру және тәрбиелеу процессі кезінде тұлғаның әлеуметтендірілуін қамтамасыздандыру қажет. Бұл жаңа ашылыстарды игеруді, өзіндік күн көруді үйренуді, мәдениеттің минимумдық негізін салуды білдіреді. Музыка туралы білім біздің заманымызда күннен күнге үлкен рөль атқарады.

Егерде бұндай жұмыс нәтижесінде оқушылар музыка пәнінде эмоционалдық қанағаттанса, онда олар музыкаға деген сүйіспеншілікті бүкіл өмір бойы өткізе алады. Солардың біреулері болашақта композитор, біреулері - әнші, тағы біреулері – жақсы, музыканы сүйсіне тыңдайтын тындарман болуы мүмкін. Музыкалық тәрбиешілер жастарды осы екінші, үшінші топқа қосылып кетулеріне себеп болу керек.

Әдебиеттер

1. А.Кобыланды «Музыклық мәдениет негіздері» Алматы 2012ж
2. Ж.Сарбасов «Оқушылардың музыкалық мәдениетін көтеру» Аматы 2017ж

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
UZDIK KALAM

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ӘН ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ



Амирова Гульзаман Уаповна
"Жаңа Ғасыр" 175 гимназия
Музыка пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші
Алматы қаласы, Әуезов ауданы

Қазіргі кезеңдегі экономикалық-әлеуметтік саяси өзгерістермен байланысты, еліміздің болашағына белсенді ат салысатын, өз халқының рухани қазынасымен, оның ұлттық мәдениетімен, дәстүрімен, өнерімен терең танысқан зерделі ұрпақты тәрбиелеу қажеттігі өзекті мәселеге айналып отыр.Қазақ халқының ғасырлар бойы сұрыпталып, жинақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық өнер мұрасы мол.

Қазақстан Республикасындағы барлық жалпы білім беретін ұлттық мектептерге арналған ортақ тұжырымдамада былай делінген: мектептің басты мақсаты – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзат мәдени мұрасының сабақтастығын сақтай отырып оқыту, тәрбиел және әр оқушыны жеке тұлға деп санап, оны жан-жақты дамуына мүмкіндік жасау — деп айтылған.

Бала тәрбиесінде қазақтың ұлттық музыка өнерінің алатын орны ерекше. Оқушылардың ұлттық музыка өнерімен айналысуы, жеке тұлғаның эстетикалық талғамын және эмоционалдық мүмкіндігін көтереді. Сондықтан бүгінгі таңда ұлттық музыка өнерінің түрлерін олардың әрқайсысының жалпы ерекшеліктерін жаңаша технологияға салу – бүгінгі күн талабы. Осы қойылған талаптарға сай, музыкалық білімді жүйелі түрде дамыту барысында ұлттық сана иірімдерін айқындай түсу және оны тереңірек меңгеру бүгінгі күннің басты мәселесі болып отыр.

Жас өспірімдегі музыка әлемін түсініп қабылдауға, талғампаздығын тәрбиелеуде, эмоциялық сезімталдығын қалыптастыруда, білімді, мәдениетті болып өсуіне әсер етуде музыка өнерінің алатын орны ерекше.

Музыка — жасөспірімге дүниені жан-жақты танып-білуге көмектеседі, баланың ойына азық беріп, кеңінен және әдеттен тыс ойлауға үйретеді, халықтың рухани мәдениетіне жақындастыра отырып, патриотизм сезімін тәрбиелеп, адамгершілік және азаматтық белсенділігін оятады. Сөйтіп, осының нәтижесінде қоғам үшін қажетті жеке адамның үйлесімді дамуына жәрдемдеседі.

Өнерді, оның ішінде, атап айтқанда музыканы мектепке "ендіру" процесі бірнеше бағыттар бойынша жүреді. Қоғамның барған сайын өсе түскен мәдени сұранысы мен талаптары, мектептің жаңа реформасының қабылдануы мектепте ұлттық өнерді, соның ішінде ұлттық музыка мұрасын меңгерту туралы мәселені қоюдың және сол арқылы тәрбиеге нәтижелі ықпал етуге мүмкіндігін тудырады.

Музыка тілі — өнердің басқа салаларымен салыстырғанда күрделі тіл. Музыка айтылатын ой мен оқиға сазды дыбыстар арқылы береді, осыған байланысты музыканы қабылдауды оқушылардың бойында қалыптастыру елеулі қиындықтар тудырып, жан-жақты ойластыруды қажет етеді. Музыка өнерінің ерекшелігі – адамның жан дүниесіндегі сөз бен тіл жеткізіп алмайтын құбылыстарды, сезімді дыбыс арқылы беруге мүмкіндік тудыруында.

Бүгінгі қоғам құрылысының аса маңызды мәселелерін шешуде мектептің оқу — тәрбие үдерісін адамзаттың бүкіл тарих бойы жинақтаған білімі, тәжірибесі мен өнерін меңгерту арқылы жетілдіру, халық педагогикасының тәрбиелік мазмұнымен таныстыру қажеттігі туындап отыр.

Музыка аспабына үйрету сабағы оқушыларға жеңіл музыка шығармаларын өздігінен талдап, үйреніп, оны орындап беруге дағдырландыруы керек. Мұндай, өздігінен үйренетін материалды бастауыш мектеп оқушыларына арналған оқу құралындағы әндерден алуға болады. Музыка сабағына жұмыс жоспарын жасағанда кейбір ерекше жақсы үлгеруші оқушымен жоғарлатылған, яғни қосымша материал өтуіне де болады.

Уақыт озған сайын тәрбие беру, білім беру реформалары қоғамның дамуына қарай үнемі жаңғырып отырады.

Музыка тыңдау – сабақтың негізі. Сабақта тыңдауға, дауыс жаттықтыруға, ән айтуға, ойнауға арналған шығармалардың барлығы алдымен тыңдалып талданады.

Жалпыға бірдей білім беретін мектептегі музыка пәнінің мұғалімі – музыканы оқыту арқылы оқушы бойында музыка мәдениетін қалыптастырушы маман. Мұғалім оқу мен тәрбие жұмыстарын мектептерде қойылатын талаптарды басшылыққа ала жүргізеді. Ол музыка бағдарламасы бойынша сабақ жүргізу барысында оқыту мен тәрбиелеудің тиімді әдісін

таңдап ала отырып, оқу жоспарын жүзеге асырады. Музыка тыңдатар алдында немесе тыңдатып, талдатып болғаннан кейін оқушылар жауабын толықтыру ретінде айтқан мұғалімнің қорытынды сөзі, сөйлеу тілі төменгі сынып оқушыларына түсінікті, әрі тартымды болуы қажет. Шығарманы талдату барысында мұғалімнің музыкалық туындының мағынасына қарай сұрақтар құрай білу дағдысы да рөл атқарады. Дұрыс қойылған танымдық сұрақтар оқушыларды ойландырады, музыкалық шығарма хақында өз пікірін айта білуге баулып, қиялын дамытады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахметова М.М. Ән өнері уақыт — Алматы: Жазушы, 1990-306 б.
2. Есенұлы А. Күй тәңірдің күбірі. Алматы: Дайк- Пресс , 2001 – 208б
3. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері тұжырымдамасы // Қазақстан мектебі, 2000, 4 желтоқсан, 3-б.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Анесова Динара Кенжегалиевна
Ақтөбе қаласы
Жаңажол жалпы білім беретін орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі

Халқымыз баланы қалай тәрбиелесең солай өседі деп баланы иілгіш жас шыбыққа теңейді. Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің Бақша ағаштары әңгімесінде «Балам сен жас шыбық секілдісің саған да күтім, дұрыс тәрбие керек. Егер дұрыс тәрбие алсаң түзу ағаш сияқты сен де түзу өсесің,өз бетіңмен кететін болсаң мына ағаш сияқты қисық өсесің" деген әкенің балаға көрсеткен мысалы тәрбиенің отбасында қалыптасатынын және бала болашағына үлкен әсері бар екенінің дәлелі. Адамгершілік тәрбиенің алғашқы баспалдағы отбасынан басталады. Дүниеге келген сәби ең алғашқы өмір жолымен отбасында танысады, моральдық нормаларды игереді. Бала тәрбиесіндегі басты тұлға ата — ана екенін екенін ескерсек, бала тәрбиелеу үлкен дайындықты қажет етеді. Ал ұрпақ тәрбиесіне немқұрайлы қарауды Константин Дмитреевич Ушинский «педагогикадағы надандық" — деп санаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан өз-өзіне сенімділік, қайырымдылық, еңбекқорлық, батылдық, мейірімділік сияқты құнды қасиеттердің дәнін егуде отбасы мен педагогтардың ықпалы орасан зор . Адамның адамгершілігі — ең жоғарғы қасиеті. Адамгершіліктің негізгі белгілеріне өзі үшін ғана емес, қоғам үшін өмір сүру, әрқашан қолынан келгенше жақсылық жасау жатады. Отансүйгіштік, мейірімділік, адалдық, еңбекқорлық, әділдік сияқты асыл қасиеттердің жас ұрпақтың бойынан табылуына ықпал ету — ата-ана мен ұстаздардың парызы. Сонымен қатар әрбір ата — ана мен ұстаз балалардың жас мүмкіндіктерін және психо-физиологиялық ерекшеліктерін ескеру керек . Әрбір адамның рухани әлемі жеке және қайталанбайды, әрі ұдайы дамып отырады. Ол адамның мінез-құлығынан, іс-әрекетінен және құндылық қасиеттері жүйесінен көрінеді. Адам қабылдайтын рухани құндылықтар жоғалып кетпейді, олар адамның рухани әлемін байытып отырады. Тәрбиенің негізгі мақсаты — дені сау, білімді, ұлттық сана сезімі оянған, парасатты, мәдениетті, еңбекқор, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу болып табылады. Оқушының тұлға болып қалыптасуына білім беру жүйесі айтарлықтай маңызды рөл атқарады. Әр оқушының адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудағы педагогикалық жұмыстың мәні оның бойындағы рухани қасиеттерін ашуға және

өзін-өзі тәрбиелеуге көмектесу болып табылады. Қазіргі таңда оқушыларды әсіресе бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу өзекті мәселе. Еліміздің болашағы бүгінгі жас ұрпақтың тәрбиесіне байланысты екені белгілі. Сондықтан ұстаздың алдындағы міндет — оқушының ұлттық сана сезімін тәрбиелеп қана қоймай, оның бойына адамгершілік және рухани тәрбиені сіңіру болып табылады. Болашақ ұстаздардың кәсіби білімдері мен тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға В. А. Сластенин, Н. Д. Хмель, В. А. Кан-Калик мәдениеті мен педагогикалық іскерліктерін жетілдіруге Т. В. Шуртакова, Л. Н. Акимова, Ұ.Ш.Ибрагимов, мамандарды кәсіби даярлау мәселелеріне О. А. Абдуллина, Н. Ф. Талызина, Ш. А. Амонашвили сияқты педагог ғалымдар өздерінің ғылыми еңбектерін арнаса, А.Калюжный, Л. И. Илларионова, Н. Н. Тригубова, А.Р.Қалыбеков т. б. ғалымдар өз еңбектерін оқушылардың адамгершілік тәрбиесі мен эстетикалық іс-әрекеттерін ұйымдастыруға арнаған. Баланы жастайынан «табиғат сезіміне» тәрбиелеу туралы айта отырып, оның адамгершілік, эстетикалық дамуындағы табиғаттың мән-маңызын ашты .

Әдебиеттер: Құрманалина Ш., Мұқанова Б. Ғалымова Ә., Р.Ильясова. Педагогика — 2010, -113б. Жұмабаев М. Педагогика. –Алматы: Рауан баспа.

ДҮНИЕТАНУ САБАҚТАРЫНДА ЖҰМЫС ЖАСАУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Арсланова Маншук Табылдиевна
Қобда ауданы Жарық ауылы Жарық мектеп-балабақшасының
бастауыш сынып мұғалімі

Қоғам мен экономикадағы қарқынды дамып келе жатқан өзгерістер бүгінгі күні адамнан жаңа жағдайларға тез бейімделуді, икемділік пен шығармашылықты көрсете отырып, күрделі мәселелердің оңтайлы шешімдерін табуды, белгісіздік жағдайында адаспауды, әртүрлі адамдармен тиімді қарым-қатынас орната білуді және сонымен бірге адамгершілікті сақтауды талап етеді. Қазіргі мектептің басты міндеті-әр оқушының қабілеттерін ашу, жоғары технологиялық, бәсекеге қабілетті әлемде өмір сүруге дайын тұлғаны тәрбиелеу, мектеп өзін тәуелсіз өмірде сенімді сезінуге мүмкіндік беретін заманауи білім, дағдылар мен қасиеттердің қажетті жиынтығына ие түлек дайындауы керек. Дәстүрлі репродуктивті оқыту, оқушының пассивті бағынышты рөлі мұндай мәселелерді шеше алмайды. Оларды шешу үшін жаңа педагогикалық технологиялар, білім беру процесін ұйымдастырудың тиімді формалары, оқытудың белсенді әдістері қажет.

Оқытудың белсенді әдістері-бұл оқу материалын игеру процесінде оқушылардың ақыл-ой және практикалық іс-әрекеттерінің белсенділігі мен әртүрлілігін қамтамасыз ететін әдістер жүйесі. Сонымен қатар оқытудың белсенді әдістері сабақты бастау, мақсаттарды, үміттерді, алаңдаушылықтарды анықтау, оқу материалын таныстыру, өзіндік жұмысты ұйымдастыру, релаксация, қорытындылау әдістеріне бөлінеді. Осы әдістердің әрқайсысы сабақтың белгілі бір кезеңінің нақты міндеттерін

тиімді шешуге мүмкіндік береді.

Сабақ барысында мұғалім Инфо-болжау, Кластер, Миға шабуыл, топтық әдіс т.б. оқу әдістері оқушыларды тақырыпқа бағыттауға, оларға жаңа материалмен әрі қарай өз бетінше жұмыс жасау үшін қозғалыстың негізгі бағыттарын ұсынуға мүмкіндік береді.

Өз сабағымда "Шығармашылық шеберхана" әдісін дүниетану пәні бойынша үлкен жетістікпен қолданамын. Тапсырма топтарға бөлініп, берілген тақырып бойынша топтық жобаны құру және таныстыру болып табылады. Алдымен сабаққа әкелінген материалды орналастыру, титулдық парақты жобалау жоспарын жасау қажет. Жұмысқа 20-25 минут бөлінеді. Осы уақыттан кейін әр топ немесе оның өкілі өз жобасын ұсынуы керек. Оқушылардың практикалық қызметі барысында оқу кабинеті нағыз шығармашылық шеберханаға айналады. Сабақтың соңында керемет туындылар пайда болады. Әрбір шешім ерекше, мәнерлі. Топтарда бірге жұмыс істеуді үйрену, жолдастардың пікірін тыңдау, бірге жиналған материалдардан керемет туындылар (картиналар, газеттер, кітаптар) жасау - бұл сабақтың басты мақсаты. Сабақта релаксацияның қалпына келтіретін күші туралы ұмытпаңыз. Белсенді әдістер - "физикалық минуттар ""жер, ауа, от және су", "қояндар" және басқалары мұны сыныптан шықпай-ақ жасауға мүмкіндік береді. Мысалы: тақырыпты зерттеу кезінде - "Өсімдік - тірі организм" тақырыбында физикалық минутты қолданамын.

Музыкаға арналған физикалық минут.

1. Сіз кішкентай өсімдік тұқымдары екеніңізді елестетіп көріңіз.
2. Қыста кішкентай тұқым топырақта суық болды, ол жылыну үшін кішірейіп кетті.
3. Көктемде күн жерді жылытып жіберді.
4. Тұқым жылытылды (түзетіңіз)
5. Ол жоғарыда не бар деп ойлады (созылу)
6. Ол өсе бастады (қолдарын көтерді)
7. Тұқымның тамыры пайда болды (аяқтарымен батып кетті)
8. Өскін жерден шыға бастады (олар қолдарын шайқады)
9. Күн өскінді жылытқаны соншалық, ол күнді жапырақтарымен (қол бұлғау)сермеу үшін биік болуды шешті
10. Жаңа және жаңа жапырақтар пайда болды.
11. Міне, бір күні өркенде бүршік пайда болды (алақандар бүктелген)
12. Гүл гүлдеді, ол күнге және басқа түстерге күлді(олар бұрылды, күлді)
13. Ол өмірден ләззат ала бастады, желде дірілдеп, адамдарды қуанта бастады.
14. Аралар мен көбелектер оған ұшып келді.
15. Бірақ күз келді.
16. Гүлдің орнында тұқымдар пайда болды
17. Зауыт оларды топыраққа тастады.
18. Енді олар жаңа көктемді күтеді.

Осындай физикалық минуттан кейін сіз балалардан сұрай аласыз - өсімдік қалай дамиды? Сабақты түймедақ, кеңес бер, қорытынды шеңбері сияқты әдістерді қолдану арқылы аяқтауға болады. Балалар түймедақ жапырақтарын жұлып алады, шеңбер бойымен түрлі-түсті парақтарды береді және т.б. сабақтың тақырыбына қатысты негізгі сұрақтарға жауап береді, артқы жағында жазылған іс-шаралар. Бұл әдістер сабақты тиімді, сауатты және қызықты қорытындылауға көмектеседі. Мұғалім үшін бұл кезең өте маңызды, өйткені ол балалардың не жақсы меңгергенін және келесі сабақта не нәрсеге назар аудару керектігін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушылардың кері байланысы мұғалімге сабақты болашаққа түзетуге мүмкіндік береді.

Оқушылардың өзін – өзі реттеуін қалыптастыру-қазіргі білім берудің ең қажетті және сонымен бірге ең қиын міндеті. Менің ойымша, өзін-өзі реттеу қабілеті бастауыш мектеп жасында игерілуі керек. Барлық оқушылардың өзін-өзі реттеу деңгейі әртүрлі, сондықтан мен әр баланың қабылдау, ойлау, қиял, есте сақтау және жеке басының ерекшеліктерін ескеруге тырыстым. Барлық сабақтарда оқушылар сабақтың тақырыбы мен мақсатын өздері анықтады. Бұл кезеңде өзін-өзі реттеу күшті оқушыларда болды сыни ойлау әдістері оқушылардың таңдау, ойлау, талдау, синтездеу қабілетін қалыптастыруды білдіреді

Дүниетану сабақтарында оқушылар арасында диалогты қосуға тырысамын: мұғалім-оқушы, оқушы – оқушы, оқушы – топ, оқушы – сынып. Оқушылардың сыни ойлауын дамыту мақсатында проблемалық сұрақтар қоя білуі өте маңызды фактор деп санаймын. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясының арқасында оқушылар дайын түрде жауап алудың орнына, қойылған мәселенің шешімін өз бетінше іздейді.

Проблемалық жағдайларды құру бойынша жаттығулар.

1. Сабақтың тақырыбы: "Құстар кім?" 1 сынып.

- бейнежазбаны тыңдаңыз (құстардың әні, жәндіктердің дауысы)
- Жануарлардың дауысы бойынша болжаңыз.
- Құстарды басқа жануарлардан қалай ажыратуға болады? (Ұша алады)

Бұл рас па?

Сабақ барысында Құмырсқасының әңгімесін тыңдауды ұсынамын

"Бір күні кешке мен орманда серуендеп жүрдім. Күн бата бастады. Орманның артында, ауылдың шетінде Әтеш тауықтарды алабұғаға шақырды. Үлкен түнгі көбелек менің үстімнен ұшып өтіп, үнсіз қанаттарын

қағып кетті. Қатты ысқырықпен жарқанат орман жолының үстінен жүгірді. Ал орманның тереңдігінде бұтақтан бұтаққа секірді-тиінге ұқсас таңғажайып жануар ұшып кетті. "Қандай әртүрлі жануарлар, — деп ойладым мен, — бірақ олардың бәрі ұша алады... олардың бәрі құстар шығар".

Ал сіз балалар деп ойлайсыз ба?»

Олардың барлығы шынымен құстар ма? (Балалар тауық — құс, көбелек — жәндік дейді.)

Айтыңызшы, сіздердің біреулеріңіз құмырсқа айтқан тиін тәрізді жануарды біле ме? Бұл ұшатын тиін. Ол құс па? Ал жарқанат құс па?

Сабақтарда ойын технологиясын қолдану оқуда эмоционалды және ұтымды бірлікке қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Сабаққа ойын сәттерін қосу оқу процесін қызықты етеді, оқушылардың көңіл-күйін көтереді, оқудағы қиындықтарды жеңуді жеңілдетеді. Көптеген ойындар тек ақыл-ойды ғана емес, еріктік күш-жігерді де қажет етеді: ұйымшылдық, шыдамдылық, ойын ережелерін сақтау қабілеті. Сабақтарда ойын технологияларын оқу сабақтарын ұйымдастырудың басқа әдістерімен бірге қолдану пәнді оқуға деген ынтаны күшейтеді, жағымды эмоциялар туғызуға, балалардың даралығын көруге көмектеседі. Ең бастысы, менің ойымша, ойын органикалық түрде ауыр, ауыр еңбекпен үйлеседі, сондықтан ойын ілімнен алшақтатпайды, керісінше, ақыл-ой жұмысының қарқындылығына ықпал етеді. Мен қоршаған әлем сабақтарында ойындардың бірнеше мысалын келтіргім келеді.

"Аңды тану"ойыны. Бұл ойынды, мысалы, "әртүрлі жануарлар қалай қыстайды"тақырыбын зерттегеннен кейін өткізуге болады.

Сынып командаларға бөлінеді. Ойын командаларында 1-ден 8-ге дейінгі сандары бар тақтайшалар бар. Жүргізушінің сұрағына қарастырылып отырған жануар орналасқан нөмірі бар карточка көтерілуі керек. Ұпай бірінші болып карточканы дұрыс атайтын және көтеретін команда алады. Көп ұпай жинаған команда жеңеді.

- Осы жануарлардың қайсысында қыста тышқандар негізгі жем болып табылады? (Түлкі)
- Оралдағы ең үлкен жануарды атаңыз. (Бұлан)
- Бұл жануар жәндіктермен қоректенеді, ал қыста ұйықтайды. (Кірпі)
- Бұл жануарлардың бірі жабайы мысықтарға жатады. Қайсысы? (Сілеусін)
- Бұл жануарлардың барлығы қыста екеуінен басқа белсенді өмір салтын жүргізеді. Қайсысы? (Кірпі, аю)
- Ұзын шашты жабайы орман бұқасы. (Бизон)
- Кім суық қыста аш, аш жүреді? (Қасқыр)
- Орман жыртқышы. Көрнекті белгі-тамақ пен көудедегі үлкен сары (қызғылт сары) дақ, жер мен ағаштар арқылы ептілікпен қозғалады. (Мартен).

Бұл ойын білім алушыларға жануарлар туралы, олардың тамақтануы және айрықша белгілері туралы білімдерін бекітуге мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аймағамбетова Қ. Дүниетануды оқыту теориясы мен технологиясы. – Алматы: 2016.
2. Сихимбаева С.М. Дүниетану теориясы мен технологиясы. – Шымкент: 2018.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

АКТИВНЫЕ ФОРМЫ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРЫ

Болдырева Айнур Бекболатовна
учитель русского языка и литературы
общеобразовательной школы №2 села
Астраханка Акмолинской области

Первое и необходимое условие активизации процесса обучения – опора на первоначальное восприятие литературного произведения на уроке. Изучать, учитывать, анализировать первоначальное восприятие можно различными способами, используя анкетирование (вопросы анкеты предлагаются за несколько дней до начала изучения произведения), иллюстрирование произведения, составление вопросов к произведению.

Наше учительское представление о произведении сформировалось давно, и мы живем с уверенностью, что ученики воспринимают книгу так же, как и мы. А это далеко не так. У них разная оценка поступков, личностных качеств литературных героев. Проводя аналогичное анкетирование в 5 классе перед изучением повести А.С.Пушкина «Песнь о вещем Олеге», я обнаружила, что нынешние ученики готовы к более серьезному анализу произведения, чем пятиклассники предшествующих лет.

Исходя из этой оценки героев учащимися, я стараюсь выстроить систему уроков по изучению литературного произведения. Например, при изучении романа Ф.М. Достоевского «Преступление и наказание» на первом уроке я представляю план работы всех последующих уроков, предлагаю вопросы при чтении романа, план характеристики главных героев, умение найти отличительные качества героев и записать их в предложенную таблицу, составить кроссворд, литературную викторину по произведению, нарисовать рисунки самых значительных (по мнению ученика) эпизодов и оговариваю, что заключительным уроком будет урок – суд над Расскольниковым (с распределением ролей центральных персонажей, сторон обвинения, защиты, свидетелей). Толчок к спору – различные точки зрения на героев, взятые из ученических работ, был дан. Центральным вопросом урока был вопрос о способах достижения жизненной цели (что нравственно, что безнравственно). А также предлагаю приготовить кому-нибудь слово в защиту героя произведения.

Изучать восприятие учеников литературного произведения можно и иначе. В 5-7 классах этой цели могут послужить иллюстрации к произведению, еще лучше создание обложек (при условии, что ребята знают: обложка должна выражать идею, суть произведения). В классе, где любят рисовать, я предлагаю такие задания: нарисовать любимые эпизоды или портреты героев. А если не умеют рисовать – попробуйте описать словами. А затем можно предложить рецензию на эти виды работ: какая из иллюстраций одноклассников лучше отражает авторскую точку зрения, почему?

В старших классах интересно предложить задания, развивающие художественное мышление учеников, стимулирующие воображение. Например, при изучении романа А.С. Пушкина «Евгений Онегин», обучающиеся пишут «Письмо восхищенного зрителя» или «Письмо рассерженного зрителя».

В классе, где уроки строятся на изучении восприятия учеников, где ребята оказываются создателями важнейших проблемных ситуаций и вопросов, постепенно создается атмосфера доверия, ученики учатся слушать слышать не только учителя, но и друг друга. Значительную роль играют уроки с введением элементов инсценировок, особенно при изучении эпических и драматических произведений. Так, при изучении творчества Пушкина мы инсценировали сцены дуэли между Онегиным и Ленским, свидания Татьяны и Онегина, письмо Татьяны. Инсценирование предполагает работу над костюмами, привитие некоторых сценических навыков, а это требует дополнительного времени для работы с обучающимися. Однако затраченные усилия окупаются тем, что художник слова становится ближе и дороже ребятам, его произведения – понятней и необходимей.

В.Г.Белинский писал в свое время: «Зрелище жизни великого человека есть всегда прекрасное зрелище». Например, урок о жизненном и творческом пути С.Есенина можно построить и как урок – концерт в сочетании с рассказом о жизни поэта, выступлениями о судьбе отдельных его произведений. Поэтический материал звучит в музыкальном сопровождении: это хоровое и сольное исполнение романсов на стихи С.Есенина, слушание близких по настроению музыкальных пьес, особенно для гитары, в грамзаписи или в исполнении владеющих инструментом детей, учителей. Большое значение здесь имеет оформление кабинета, помогающее воссоздать эпоху, мир поэта, призванное вызвать нужный эмоциональный

отклик.

Одной из форм проведения литературных вечеров – устные журналы, где каждому педагогу с ребятами – артистами представляется страница. Учителя-словесники играют в спектаклях вместе с учениками. Последняя страничка, как правило, поэтическая, где выступают все желающие со своими стихами.

В основу урока литературы должна быть положена учебно-познавательная деятельность учащихся, направленная на стимулирование личностного восприятия литературы, когда каждый подросток, постигая объективное содержание произведений искусства слова, видит в них не только средство получить оценку или обогатить свой словарный запас, но находит в них пищу для размышлений и глубоких переживаний.

В своей практической работе я применяю следующие методы активизации познавательной деятельности:

1. Работа над сквозными сюжетами в русской литературе (тема «маленького человека», тема детства, тема семьи и дома, тема живой и мёртвой души и т.д.). На основе параллельного воспроизведения материала учащиеся приходят к серьёзным обобщениям по предложенным проблемам.

2. Разнообразие жанров уроков: творческие проекты. Форма работы: групповое составление коллажей с последующей защитой проекта;

- ролевые игры.
- уроки – литературно-музыкальные композиции. (Составляются обучающимися самостоятельно с разделением ролей: подбор литературного материала, биографических сведений, музыкального сопровождения, оформление урока иллюстрациями);
- ролевой анализ литературных героев, способствующий глубже проникнуть во внутренний мир героев, стремление высказать свои мысли.

3. Словарная работа:

- составление тематических словарей на основе творчества поэта, писателя.

Слово-главный инструмент учителя. И учить быть внимательным к слову стараюсь с самого начала работы. Изучения художественного произведения, в котором встречается много новых слов, начинаю словарной игрой, игрой-конкурсом на лучшего толкователя слов. Победителем считается тот, кто понятнее, точнее, интереснее сумеет объяснить слова. При этом разрешаю пользоваться учебником-хрестоматией, словарями, другими источниками.

4. Работа над выразительным чтением:

- логическое ударение на ключевые слова.

5. Выразительный пересказ:

- позволяет охватить большой объем текста в сжатом виде.

6. Работа над датами:

- с кем из современников мог дружить писатель, где, в каких журналах печатался, в каких событиях общественной жизни участвовал, какие проблемы своего времени поднял в творчестве.

7. Литературные марафоны.

Предлагается такая форма проверки заданий по самостоятельному чтению и изучению материала о писателях и их произведениях.

Интересными оказываются групповые формы работы на уроке. Выдвигаются вопросы для обсуждения. Одни из них могут быть поставлены учителем, другие должны сформулировать ученики (например, определить проблематику произведения и выбрать наиболее интересную проблему для анализа). Распределяются вопросы для работы по-разному: каждая группа получает свой вопрос; все группы отвечают на одинаковые вопросы. Что дает групповая форма работы? Во-первых, формирует умения коллективного творчества, учит работать сообща и сотрудничать. Во-вторых, ученики оказываются в условиях, когда им хочется высказаться (не так стесняются). В-третьих, в микроколлективе каждый ощущает свою личностную значимость, вносит в работу элементы творческого состязания, соревнования.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ҚАЗАҚ ТІЛДІ ЕМЕС СЫНЫПТАРДА ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕҢГЕРТУ ӘДІСТЕРІ

Гиззатова Альфия Айсиновна
Ақтөбе қаласы №1 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Орыс сыныптарындағы қазақ тілін жүргізу мұғалімдерден көп дайындықты талап етеді. Сапалы сабақ оқу тәрбиесінің нәтижелі болуына тікелей әсер етеді.

Тілді оқытып, үйретудің сапасын арттыру әр түрлі жағдайларға байланысты. Орыс мектебінде оқытылатын қазақ тілі пәнінің түпкі мақсаты – оқушыларға қазақ тілін меңгерту, ойлау қабілеті мен сауаттылығын арттыру, қазақ тілінде сөйлеп, жаза білетін дәрежеге жеткізу, қазақ халқының әдет-ғұрпын, тарихын танып талаптандыру, тілін құрметтеуге тәрбиелеу, сонымен қатар Отанды, табиғатты, айналадағы құбылысты, тыныс – тіршілігімен жан-жақты терең таныстыру.

Тіл дамыту-қазіргі мектептің оқу-тәрбие ісіндегі басты проблема-тіл мен сөйлеу процесін жіктей оқыту, оқушының дұрыс сөйлей білуіне көңіл бөлу. Сондықтан, мұғалім қазақ тілі сабақтарында тіл дамытуға, байланыстырып сөйлеуге айрықша көңіл бөледі, тілдік материалдарды дұрыс бере білу, тілдің теориясы мен сөйлеу практикасының бір-бірімен қарым-қатынасы түрлі жаттығу жұмыстары арқылы іске асырылады.

Қазақ тілді емес сыныптарда қазақ тілі пәні арқылы қалыптастыруға бағытталған пәндік құзіреттіліктер оқушылардың қоғам қажеттілігіне сай мемлекеттік тілде қарым-қатынас жасуға ынталы болуын, жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдана алуын, халқының өткен тарихын білуін, отбасында, қоғамда және адамдармен қарым-қатынаста өз көзқарасын білдіре алуын қамтамасыз етуге бағытталуы қажет . Демек, оқушы өз ойын ауызша да, жазбаша да қазақ тілінде сауатты білдіру тіл дамыту жұмыстарын тиімді ұйымдастыруға тікелей байланысты. Олай болса, оқушы әр сабақта бірнеше жаңа сөз үйрену керек деген ұстаным басшылыққа алынуы тиіс. Осы орайда оқушылардың түсініп тыңдау дағдыларын дамыту басты мәселе болып табылады. Сөздерді, сөз тіркестерін түсіне білу, дыбыстарды, дауыс ырғағын ажырата білу қабілетін қалыптастыру мақсатында сөздік жұмысы жүргізіледі.

Тілді дамыту дегеніміз – оқушының сөздік қорын дамыту, ойлаған ойын өз еркінше басқа адамға жеткізе алу, оның сөзін түсіне білу, қысқаша айтқанда еркін сөйлей білуге үйрену. Осыдан келіп тіл дамыту жұмысының кең аялы екенін көреміз.

Адам әрқашанда өз ойын ауызша және жазбаша жеткізеді, сол себептен бұл ұғымдар өзара байланысты. Ауызша жеткізу дегеніміз – сөйлеу. Сөйлеу – тілдің көмегімен қарым-қатынас жасау. Әр адам сөйлеу арқылы екінші адамға өз ойын жеткізе алады.

Сөйлеу әрекетінің өз сипатамалары бар. Солардың бірі – сөйлеудің мазмұнды да мәнерлі болып келуі. Егер сөйлейтін сөзде мазмұн болмаса ол сөз мәнін жоғалтуы мүмкін. Ал сөзді мәнерлеп айту – әрбір сөйлемге әсерлі үн, саз береді. Аталарымыз айтқандай, бір ауыз сөзбен адамды дертінен жазуға немесе өлтіруге болады. Демек, сөздің құдіреті өте күшті. Сабақтың пікірлесу кезеңінде оқушылар әрбір сөзді орынды қолданып, әр сөзге екпінді дұрыс қоя білуі керек. Сол жағдайда ғана олардың сөйлеу әрекеттері дұрыс қалыптаса түседі.

Әр мұғалім қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмыстарын шығармашылықпен жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол оқушының күнделікті өмірдегі құбылысты жан-жақты түсіне білуіне жағдай жасайды.

Тіл дамыту жұмысы, негізінен, мынадай 4 бағытта жүргізіледі.

Біріншіден, мәдени, әдеби сөйлей білу нормаларына үйрету, яғни орфографиялық дағдыны меңгерте отырып, оқушыға мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру.

Екіншіден, лексикалық жұмыстар жүргізу арқылы оқушының сөздік қорын байыту, тілдің лексика және фразеология бөлімдерінен кеңірек білім беру көзделеді.

Үшіншіден, жаңа сөздер үйрету

Төртіншіден, оқушының ойын жазбаша дұрыс, сауатты жаза, әрі сөйлей білуге үйрету мақсат етіледі.

Тіл үйренуде ең басты міндет – оқушылардың сөйлеу тілін жетілдіру.

- Оқушылардың сөздік қорын дамытуға арналған әдіс –тәсілдер туралы мәлімет беру.
- Әдіс – тәсілдер туралы теориялық ұғым

беру.

- Әдістерді тәжірибеде қолдана білуге үйрету.
- Қазақша сөйлеу дағдысын дамыту
- Жазбаша тілін дамытып, орфографиядан түсінік беру.
- Сөздікті дамыту.
- Сөйлеу тілінің граматикасын қалыптастыру.
- Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.
- Диалогтік сөздің қалыптастыру.
- Түсінгенін айта білу.
- Көркем шығармамен таныстыру.
- Сауатты жазуға дағдыландыру.

Қазақ тілі сабағындағы сөздік қорды дамыту жұмыстары мынадай әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асады. Ол-сұрақ-жауап, сөйлесу, әңгімелесу, әңгіме, түсінігін айтқызу, көрнекілік, аударма, кітап пен жұмыс, мәтінмен жұмыс әдістері. Әр сабақ сайын тақырыпқа сай көрнекі құралдар, түрлі суреттер, кестелер, видео кассеталар, тақырыптар бойынша электронды оқулықтар мен сабақты көркемдеп отырса, оқушылардың сөздік қоры біршама толығады деп сенімдімін. Әдіссіз оқыту процесі жүзеге асу мүмкін емес.

Осы оқыту әдісі дегеніміз не? Соған тоқтала кеттейік.

Оқыту әдісі – дидактиканың ең басты құрамды бөлігінің бірі. Оқыту әдістері білім берудің мазмұны сияқты, оқытудың жалпы мақсаттары мен және міндеттерімен анықталады. Оқыту процесінің нәтижелі және сапалы болуы оқыту әдістемесінің тиімді шығармашылықпен жүзеге асырылуына байланысты. Ол мұғалім мен оқушының бірігіп жұмыс атқаруы. Оның арқасында білім, іскерлік, дағдының қалыптасып, оқушының дүние танымдылығы мен қабілеттілігінің артуы.

Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде оқушыларға қазақ тілінен үйретілетін сөздер біріншіден, белгілі бір тақырыптарға, екіншіден сөз таптарға қатысты болады, сол себептен қазақ тілі сабағы әрі тілдік, әрі әдебиеттік оқу материалдарын қамтиды. Кейбір грамматикалық түсініктемелер, жаттығу шарттары орыс тілінде берілетіндіктен, салыстырмалы грамматикаға байланысты мәліметтер де қамтылады. Қазақ тілі сабағындағы сөздік қорды дамыту жұмыстары мынадай әдіс – тәсілдер арқылы жүзеге асады. Ол – сұрақ- жауап, сөйлесу, әңгімелесу, әңгіме, түсінігін айтқызу, көрнекілік, аударма, кітаппен жұмыс, мәтінмен жұмыс әдістері. Әр сабақ сайын тақырыпқа сай көрнекі құралдар, түрлі суреттер , кестелер, видеокассеталар, тақырыптар бойынша электронды оқулықтар мен сабақты көркемдеп отырса оқушылардың сөздік қоры біршама толығады деп сенімдімін. Заман өзгерген сайын әдіс – тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып отыр. Әр түрлі жаңа технологияларды оқу процесінде қолдануда. Жаңа технологияны, әдіс - тәсілдерді тиімді қолдану білім сапасын көтереді. Мемлекттік тілдің қоғамдағы орнын көтеру үшін бүкіл жүйе болып жұмыс істеуіміз қажет. Бала енді тілі шығып, балабақшаға барып, қазақ сөздерімен танысуы тиіс. Мектеп қабырғасынан күнделікті өмірдегі, қолданыстағы тілді үйреніп шықса, жоғарғы оқу орындарын да мектеп бағдарламасын қайталамай, тілдік категорияны тереңірек оқытылса, болашақта орысша және қазақша тіл білетін маман даярлар едік. Қаншама жазсақ та, айтсақ та ісіміз оңға баспай тұр. Себебі оқушылар тек сабақта ғана қазақша сөйлеп, оны тәжірибеде қолданбайды одан гөрі ағылшын тілінде сөйлегенді ұнатады. Осындай күрделі де ауқымды мәселені шешу үшін сөздік қорды байытуға бағытталған әдістер жайлы бағдарламамды ұсынып отырмын. Себебі сөздік қордың бай болу маңызды мәселе. Бұған үлкен көмек беретін тақырыптық модульдік бағдарлама. Әр сабақты фонетикадан бастаған жөн болар. Дауысты, дауыссыз дыбыстарға көңіл бөліп, дұрыс айтылуы мен жазылуына, сөз, сөйлем құрастыру процесін бірізді түрде жүргізіп отырса тиімді болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Қ. Ақпаева. Оқуы орыс тілінде жүретінде мектептерде қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері. Алматы, Рауан, 1997.

2.Ж.Т.Раева Өзге тілді мектептерде қазақ тілін оқыту үшін шығармалышық тапсырмалары ҚазМҚПИ ғылыми журнал. Филология сериясы. №5 (2). 2007. 38 бет.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ТІРЕК-СЫЗБА ӘДІСІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ САБАҚТЫҢ САПАСЫН АРТЫРУ


Даутова Дина Нагмановна
ШҚО, Өскемен қаласы С.Нұрмағамбетов
атындағы №4 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп нәтижелер беруде. Әрбір сабақта оқытудың тиімді әдіс – тәсілдерін енгізіп жүрсе, білім сапасына елеулі әсер етеді. Кез келген сабақты қызықты өткізу үшін әрбір ұстаз жаңалыққа ұмтылып, ізденіс үстінде болғаны абзал. Сабақ барысында бір ғана тәсілмен шектелмей, қазіргі таңдағы инновациялық технологияларды оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты таңдап қолдану қажет.

Мысалға тірек сызба тәсіліне тоқталып кетсем. Тірек сызбалар - негізінде барлық оқушылардың сөйлеу тілін арттыру мақсатында пайдаланылатын тәсілдің бірі. Тірек сызба жаңа тақырыпты жеңіл түсінуге, есте сақтап қалуға көмектеседі. Негізінде орташа оқитын оқушыларға пайдаланған өте тиімді: себебі олар схема бойынша сөйлем құрастырып, өз ойларын айтып жеткізуге тырысады, сабаққа қызығады, еңбектенуге талпынады. Тірек сызба бере отырып, сұхбат құрғызу орыс тілді балаларға қазақша сөйлеу дағдысын қалыптастыруға, ойлау қабілетін арттырып, сөйлемдер құрастыра үйретуге мүмкіндік береді. Тірек сызбаны пайдалану оқушыны сөйлеу үшін емес, олардың оқу-таным белсенділігін арттыру, ой-өрісін кеңейту үшін де қажет. Мұндай тірек схемалардың тиімділігі, біріншіден, сыныптағы оқушыларды түгел қамтиды, екіншіден, сөйлем құрастыруға, сұрақ қойып, оған жауап беруге көмектеседі, үшіншіден, әңгіме құрастырып, оны әңгімелеп беруге үйренеді және есінде сақтауға ықпалын тигізеді, төртіншіден, оқушыны пәнге қызықтырады, ынтасын арттырады және мұғалімге сенімді көмекші. Осы арқылы оқушылар қиын тақырыпты жеңіл меңгереді, үлгерімі нашар оқушыларда белсенділік пайда болады.

Тірек сызба қазақ әдебиеті пәнінің бағдарламасы бойынша жасалады. Жеке-жеке тақырыптар бойынша беріледі. Тірек схема оқушылардың алған білім дағдыларын тексеруге, өтілген материалды одан әрі тануға, жаңа материалды түсіндіруге бейімделіп жасалады. Әрбір тірек схема үлгісін сыныптағы оқушыларға жететіндей мөлшерде көбейтуге болады, не болмаса тақтаға ілініп қойылады.

Мысалы:



Қазақ әдебиеті сабақтарында тірек сызбалардан басқа белгілі жазушылардың жалпы өмірбаянымен танысқаннан кейін жоғарыда көрсетілген семантикалық талдауды орындатуға болады. Белгілі бір шығармамен танысқаннан кейін сол шығарма бойынша кестені толтыртуға болады. Осындай жұмыстар өте ыңғайлы деп есептеймін.

Сын тұрғысынан ойлау әдісіне тоқталып кететін болсақ - Сын тұрғысынан оқыту

Әр мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық. Төмендегі кестені талдай отырып сызбаға түсіруге болады.

Мысалы:

1. Басты эпизодтағы сөйлемдерді сұрақтармен байланыстыруға болады.

Басты эпизоттар	Сұрақтар
I. Назымның күйеу таңдауы. II. Қамбарға Назымның ғашық болуы. III. Қалмақ ханының құда түсуі. IY. Қаһарманның Әзімбай аулына жорығы. Y. Қамбардың Қараманға баруы. Қараманды жеңуі. YI. Назымға үйленуі.	1. Назым кім? Оның сипаты қалай берілген? 2. Қамбар туралы хабарды қайда естиді? 3. Қамбар туралы жырда не айтылған? Оның сипаты жырда қалай берілген? 4. Назымға неге қарамайды? Себебін айт. 5. Құда түсіп келген Келмембет Қараманға не айтады? 6. Қараманның ашуы қалай сипатталады? 7. Жазылған Келмембет Қараманға не айтады? 8. Қараманның ашуы қалай сипатталады? 9. Әзімбай Қамбарға қандай сәлем айтады? 10. Қамбар қандай шешімге келді? 11. Қамбар Қараманға не дейді? Қамбар мен Қараман арасындағы диалог, мазмұнын айт. 12. Қараманды қалай жеңеді? 13. Қараман қалай соғысады? 14. Назым Қамбарды не деп мақтайды?

2. Тапсырмаларды талдау. Мысалы:

1. Балаларды оқығанда тыңдауға дайындау. Бұған жататындар балаларды алдын-ала психологиялық тұрғыдан дайындау, естігенін ұғатындай жағдай жасау, оларды ұйымдастыру жағы.
2. Балаларға шығарманы оқу. Оқу кезінде көркем туындының образын нақтылай түсуге немесе қорытындылауға иллюстрация, сурет, диапозитив, кесте тағы осындай көрнекті құралдар қолданылады.
3. Оқылған шығарманы мазмұны бойынша пікір алысу, әңгімелесу. Бұған жататындар балалардың өздерінің пікір айтуы, мұғалімге қоятын сұрақтары, оның қайтаратын жауабы, мазмұндап айтып беруі, оқылған мәтін бойынша балалардың шығармашылық жұмыстары (сурет, тірек-сызба, бейне, жабыстыру, әңгіменің аяғын жалғастыру т.б.).
4. Көркем шығармада суреттелген өмір шындығының елесі жайлы балалардың түсінігін қорытындылау.

Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Міне, сондықтан да оқу-тәрбие үрдісінде әр түрлі ойындар арқылы баланы жан-жақты дамыту ісіне ерекше көңіл бөлеміз және бұл біздің ең негізгі алдымызға қойған мәселеміз. Сонымен, баланың сөздік қорын дамытумен қатар, тілін дамыту да ойын арқылы жүзеге асады.

Әдебиеттер.

1. Ә.М.Нұрмағамбетова.Тірек-сызба технологиясын оқу үрдісінде пайдалану. Педагогикалық альманах,(№3-4,2010,-64-бет).
2. А.Ғабитқызы. Кәсіби құзыреттілік және жаңа ақпараттық технологиялар. Қазақстан мектебі,(№11,2012,-5-бет).

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДА ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМЫТУ

Есетова Асель Муратовна
Ақмола облысы Астрахан ауданы Астрахан ауылының
№2 ЖББО мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Коммуникативтік әрекеттерді дамытуға бағытталған тапсырмалар өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес белгілі бір жүйемен жүзеге асады. Мысалы, тыңдалым дағдысын жүзеге асыру үшін тыңдалым алды, тыңдалым, тыңдалымнан кейінгі тапсырмалар ұйымдастырылуы тиіс.

Тыңдалымға арналаған сабақ құрылымы:

• Тыңдалым алдындағы тапсырма: тақырыпты таныстыру; тыңдалымдағы тірек сөздерді үйрету; тақырыпқа қатысты сұрақтар құра отырып, сол тақырыптағы оқушы білімін қозғау.

• Тыңдалым тапсырмасы: әртүрлі тыңдалым дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар тобы; олар жалпы мазмұнын түсінуден бастап, детальді түсінуге бағытталады.

• Тыңдалымнан кейінгі тапсырма: тыңдалымдағы тақырып туралы сұрақтардан тұрады және ол сұрақтарға өз көзқарастарын білдіріп, тәжірибелерімен байланыстыра отырып жауап берулері тиіс. Сонымен қатар сұрақтар жауап беру барысында тыңдалымдағы сөздерді пайдалана алатындай құрылуы қажет

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарда тыңдалым/ айтылым дағдысы қатар жүреді. Мұғалім тыңдалымнан кейінгі айтылым тапсырмаларын дискуссия, дебат, сұхбат және т.б. белсенді жұмыс түрлері арқылы ұйымдастырады.

Оқылымға арналаған сабақ құрылымы:

• Оқылым алдындағы тапсырма: мәтін тақырыбын ашуға бағытталған тапсырмалар, сөздердің мәнін ашу, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою.

• Оқылым тапсырмасы: әртүрлі оқылым дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар (сұрақтар). Алғашқы тапсырмалар жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі тапсырмалар нақты ақпаратты табуға арналуы тиіс.

• Оқылымнан кейінгі тапсырма: мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап бере алатындай ұйымдастырылуы қажет. Сонымен қатар, сұрақтар оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатындай құрылуы керек.

Жазылымға арналған сабақ құрылымы:

Жазылым - төрт дағдының бірі және ол **өнімді дағдылар** қатарына жатады. Яғни өнімді дағды дегеніміз – тіл құбылыстары туралы ережелерге, модельдерге сүйене отырып сөйлеу немесе жазу. Жазылым түрлері: тізім жасау, құттықтау қағазы, электрондық хат, күнделік, хабарлама, әңгімелер, эссе және т.б. Жазылым түрлерінің әрқайсысының өздеріне сай ерекшелігі болады. Ол жазылым түрлерінің құрылымына және мақсаты мен шешуі тиіс міндеттеріне байланысты болып келеді. Мысалы, жазу стилінің деңгейлері: ресми (ғылыми, іс қағаздар стилі) және бейресми (ауызекі сөйлеу сөздері); жазуда мәтінді немесе ақпаратты жазудың өзіндік тәртіптері ақпараттарды орналастыру реті; мәтіннің ұйымдастырылуы.

Жазылым дағдысын қалыптастырудың бірнеше жолдары бар. Солардың ең бастылары - продуктивті жазылым және жазылым үдерісі.

Егер жазылымды үлгі беру арқылы үйретсек, мұны продуктивті жазылым деп атаймыз. Яғни мұғалімдер жазылым түрлерінің үлгісімен таныстырып, мәтінмен жұмыс жасатуы керек. Белгілі бір жазылым үлгісі оның мазмұнымен, лексикасымен, стилімен және құрылысымен таныс болуға көмектеседі. Сонымен қатар, үлгілер оқушыға қалай жазуы керек туралы идеяны да береді.

Ал егер мұғалім оқушыларға жазылымның барлық қадамдарымен жұмыс жасауды қамтамасыз етсе, бұл жазылым үдерісі деп аталады. Толығырақ айтқанда, жазылымды жоспарлаудан бастап, алғашқы нұсқасын жаздырту, түзету, тексеруге дейінгі оқушылардың әрекетін ұйымдастыру. Бұл оқушыларға жазылымның әртүрлі аспектілерімен әртүрлі уақытта жұмыс жасай білуге дағдыландырады. Мысалы, жоспарлау кезеңінде идеяларды ойлап табады және ұйымдастырады,

алғашқы нұсқасын жазу кезеңінде өз ойларын жеткізу үшін қажетті сөздерді, сөйлем құрылымдарын іздейді, түзету және тексеру кезеңінде жазылымның ұйымдастырылуы, сауаттылығы, ондағы идеяларды бағалауға, яғни өз жұмысының артықшылығы мен кемшіліктері туралы ойлануға мүмкіндік береді.

Белгілі бір жазылымды толық орындау үшін бірнеше қадамдар жасалады:

- Әуелі жазылуы көзделген нәрсені анықтап алу;
- ойынды дұрыс жеткізуді жоспарлау;
- шимай нұсқасын (өзгертілуі мүмкін жазылым түрі) жазып көру
- түзету және редакциялау (қателерді түзету және мазмұнын толықтыру)
- тексеріп шығу (сауаттылыққа тексеру және түзеу)
- дұрыс нұсқаны (екінші немес соңғы нұсқаны жазып шығу) жазу.

Осы сыныптар аралығында білім алушының, яғни оқушының

Ж1. Жоспар құру,

Ж2. Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру;

Ж3. Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну;


Ж4. Эссе жазу;

Ж5. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу;

Ж6. Мәтіндерді түзету және редакциялау

сияқты коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру қажет. Демек, білім алушы жоспар құрудан бастап, әртүрлі формада жазылған мәтінін өзі тексеріп, түзете алатын деңгейге жетуі тиіс.

ПОНИМАНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ТЕНДЕНЦИЙ В ВОКАЛЬНОМ ИСКУССТВЕ



Жапаева Нурсулу Ермековна
Место работы КГКП "Детская школа искусств" отдела образования Сарыкольского района" Управления образования акимата Костанайской области.

Вокальное искусство всегда было важной частью музыкальной культуры, и на протяжении веков оно развивалось, отражая культурные и технологические изменения. Современные тенденции в вокальном искусстве — это результат взаимодействия традиционных практик с новыми технологиями, эстетическими ориентирами и социальными запросами. В этой статье рассмотрим основные направления, которые определяют развитие вокальной музыки сегодня.

1. Многообразие жанров и стилей

Современные вокальные исполнители часто работают на стыке разных жанров и стилей. Музыка, которая была бы узкоспециализированной в прошлом, теперь становится гибридной, и

исполнители часто совмещают элементы классической музыки, джаза, попа, рока и электроники. Это происходит из-за глобализации музыкальной индустрии и расширения доступности различных музыкальных стилей через интернет.

Особенно заметным явлением стало развитие **мультимедийных выступлений,** когда вокалисты используют видеопроекции, световые инсталляции и другие элементы, создавая визуально насыщенные и концептуальные шоу. Это позволяет исполнительствам быть более многогранными и привлекательными для аудитории.

2. Влияние технологий на вокальное исполнение

Одной из самых ярких черт современной вокальной сцены является использование новых технологий, таких как **автотюн и многослойная запись вокала.** Эти инструменты позволяют не только создавать уникальные звуковые текстуры, но и стилизовать голос, подстраивая его под идеальный тон или изменяя его на протяжении всего произведения. Особенно это стало популярным в электронной музыке и поп-музыке, где звук становится не только инструментом выражения, но и своего рода экспериментом.

Помимо этого, технологии записи и распространения музыки на платформах вроде Spotify и YouTube значительно изменили рынок. Вокалисты и музыканты могут самостоятельно записывать и публиковать свою музыку, а популярность в социальных сетях становится важной частью карьерного роста.

3. Возрождение интереса к классической вокальной традиции

Несмотря на влияние современных технологий, классическая вокальная традиция, включая **опера и классическое пение,** продолжает оставаться важным элементом музыкальной культуры. В последние десятилетия наблюдается возрождение интереса к классической музыке, а также появление новых, более экспериментальных форм оперных постановок, которые могут включать современные музыкальные стили и новые визуальные технологии.

4. Глобализация вокального искусства

Глобализация привела к тому, что жанры и стили, которые раньше были характерны только для определённых культур или стран, теперь могут быть популярны в других регионах. **Латиноамериканская музыка, африканские ритмы, азиатские элементы** — всё это активно интегрируется в западную популярную музыку. Например, в последние годы на пике популярности находятся такие жанры как **реггетон, ки-поп** и **афробит,** где вокал часто совмещает элементы традиционного пения и современных технологий.

Кроме того, современный вокал всё чаще воспринимается как форма межкультурного диалога. Это выражается и в стремлении вокалистов не только освоить различные музыкальные традиции, но и объединять их в своём творчестве.

5. Профессиональное образование и тренировки

С развитием технологий и методов обучения вокалистам стало доступно больше инструментов для совершенствования своего мастерства. Онлайн-курсы, тренировки с помощью приложений и индивидуальные занятия с учителями стали основными средствами развития вокалистов. Также важно отметить, что всё больше внимания уделяется не только техническим аспектам пения, но и психологическим аспектам: подготовка вокалиста требует умения справляться с волнением, стрессом и сценической нагрузкой.

Заключение

Современное вокальное искусство — это динамичная, многогранная и развивающаяся область, в которой пересекаются различные жанры, стили и технологии. Важно отметить, что наряду с инновациями в вокальной практике сохраняются традиции, которые поддерживают и развивают искусство пения. Успех современного вокалиста часто зависит от способности интегрировать разнообразные влияния, работать с новыми технологиями и выражать свою индивидуальность, находя отклик у аудитории.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
UZDIK KALAM

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ: ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПЕН СЫНИ ОЙЛАУДЫ ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН КЕҢІСТІК ҚҰРУ

Ибрагим Азамат Асылбекұлы
Қызылорда қаласы, «Оқушылар мен жасөспірімдер үйі» МКҚК,
Ағылшын тілі үйірмесінің педагогы

Қазіргі әлемде жаһандану және технологиялық дамудың білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойып отырғанында, инновациялық оқыту әдістерін енгізу өте маңызды. Бұл әсіресе қосымша білім беру саласында өзекті, себебі ол тек академиялық білімдерді ғана емес, сонымен қатар сыни ойлауды, шығармашылықты және жеке қасиеттерді дамытуға арналған. Мұндай жағдайда ағылшын тілін оқыту ерекше мәнге ие, себебі ол тек тілдік дағдыларды ғана емес, сонымен қатар болашақта қажет болатын дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі.

1. Шығармашылық – табысты оқытудың негізі

Шығармашылық тек өнер мен шығармашылықтан ғана тұрмайды. Оқу процесінде бұл мақсаттарға жету үшін стандарттан тыс шешімдер мен тәсілдер табу қабілеті болып табылады. Қосымша білім беру саласында, мұнда тек грамматика мен лексикаға ғана емес, сонымен қатар тұлғалық дамуға да көңіл бөлінетіндіктен, шығармашылық маңызды құралға айналады.

Шығармашылық әдістерді енгізудің бір мысалы – жобалық оқыту әдісін қолдану. Оқушылар оқытылатын материалға негізделген жобаларды жасап, мысалы, бейнемазмұн түсіріп, инфографика дайындап, блог жазбаларын жазуы мүмкін. Бұл оқушылардың тек тілдік дағдыларын ғана емес, сыни ойлауын, командалық жұмыста өзара әрекеттесу дағдыларын және қиындықтарды еңсере білуді дамытады.

Сонымен қатар, "тірі" жобалар жасау әдісі, мысалы, ағылшын тілінде театрландырылған қойылымдар өткізу, оқушыларды тіл мен мәдениетке барынша тереңірек ендіруге мүмкіндік береді. Оқу барысында драматургия элементтерін пайдалану оқушыларға тілдік дағдыларды ғана емес, эмоциялық өрнек пен қоғамдық сөйлеу дағдыларын да дамытуға көмектеседі.

Шығармашылық әдістерді сәтті енгізу үшін оқушылардың өз идеяларын еркін жеткізе алатын, қателіктерден қорықпайтын орта қалыптастыру маңызды. Қателіктер арқылы нағыз түсінік пен білім алу жиі кездесетінін ұмытпау керек.

2. Интерактивті технологиялар мен цифрлық платформалар

Цифрлық технологияларды оқытуда қолдану қазіргі педагогикалық процестің міндетті бөлігіне айналды. Олар сабақтарды қызықты етіп қана қоймай, тіл үйренудің жаңа мүмкіндіктерін ашады. Мысалы, Duolingo, Kahoot, Quizlet сияқты платформалар мұғалімдерге интерактивті тесттер, викториналар мен ойындар жасап, оқуды динамикалы әрі қызықты етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі трендтердің бірі – виртуалды шындықтар мен тілдік симуляцияларды жасау. Оқушылар ағылшын тілінде виртуалды кейіпкерлермен немесе интерактивті оқиғалар барысында тілде қарым-қатынас жасайды. Бұл оқушыларға тіл дағдыларын нақты жағдайларда дамытуға көмектеседі, сонымен қатар материалды терең түсінуге мүмкіндік береді.

Технологияларды енгізу сонымен қатар ағылшын тілінде блогтар, бейнелер, подкасттар жасау арқылы да жүзеге асуы мүмкін. Бұл оқушыларға тілдің шынайы өмірде қолданылуына, өзекті мәселелерді талқылауға, қазіргі ақпарат көздерімен жұмыс істеуге мүмкіндік береді, бұл олардың аналитикалық және коммуникативтік дағдыларын дамытады.

Цифрлық технологиялардың қолданылуы оқушыларға тілдік тосқауылдарды жеңуге де көмектеседі. Мысалы, аударма қосымшалары мен онлайн сөздіктер сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін контексте түсінуге мүмкіндік береді, бұл материалды жақсырақ меңгеруге ықпал етеді.

3. Инклюзивті тәсілдер: әр оқушыға көңіл бөлу

Қосымша білім берудегі маңызды міндеттердің бірі инклюзивті орта құру болып табылады. Инклюзивтілік тек академиялық жетістіктерге ғана емес, сонымен қатар оқушылардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне де назар аударуды білдіреді. Ағылшын тілін оқытуда бұл әртүрлі типтегі оқушыларға арналған материалдарды бейімдеуде, оқыту стилдерін әртараптандыруда және әр оқушының өзін көрсету үшін жағдай жасау арқылы көрініс табады.

Инклюзивті әдістерді енгізудің сәтті тәсілдерінің бірі – дифференциацияланған оқыту. Мысалы, топта әртүрлі дайындық деңгейі бар оқушылар болуы мүмкін, сондықтан олардың білім деңгейіне сәйкес тапсырмаларды таңдау маңызды. Жетілген

оқушыларға қосымша материалдар ұсынылып, оларды дамытуға бағытталған тапсырмалар берілсе, ал бастауыш деңгейдегі оқушыларға жеңілдетілген тапсырмалар ұсынылуы тиіс, бұл олардың мотивациясын жоғалтпауға көмектеседі.

Инклюзивті оқыту оқушылардың эмоционалдық жай-күйіне де назар аударуды білдіреді. Мұғалім әр оқушыны түсініп, материалды меңгеруге қосымша уақыт қажет болса, қолдау көрсетуі тиіс.

Ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды қамту мәселесіне ерекше көңіл бөлген жөн. Мультимедиялық және визуалды материалдарды қолдану, мәтіндер мен аудио сабақтарды бейімдеу, оқытудың әртүрлі әдістерін қолдану арқылы барлық оқушылар үшін қолжетімді білім беру ортасын құруға болады.

4. Сыни ойлау әдістерін қолдану

Сыни ойлауды дамыту білім берудің ажырамас бөлігі болып табылады. Ағылшын тілін оқытуда тек грамматикалық ережелерді ғана үйретіп қоймай, оқушыларды логикалық ойлауға, талдау жасауға және қорытынды шығаруға үйрету өте маңызды. Мысалы, сабақтарда пікірталастар, рөлдік ойындар мен жобалар арқылы оқушылар әртүрлі көзқарастарды талдап, өз пікірлерін білдіруге және қорғауға үйренеді.

Бұл процестегі мұғалімнің рөлі оқушыларға дәлелдерді іздеуге, фактілерге сүйенуге және ақпаратты тек қана қабылдауға емес, оны талдауға үйрету болып табылады. Бұл тек тілдік дағдыларды ғана емес, жалпы сауаттылық пен сыни хабардарлықты дамытуға ықпал етеді.

Сыни ойлау әдістерін сыныпта жүзеге асыру үшін оқушылар жаңалықтарды талдау әдістерін қолдана алады, онда олар фактілерді тексеріп, манипуляцияларды анықтап, негізделген жауаптар құрады. Бұл практикалар студенттерді шынайы өмірге дайындайды, мұнда тек тілдік дағдылар емес, ақпаратты талдау да маңызды.

5. Психология және мотивация

Оқушылардың мотивациясы – оқытудың маңызды элементі. Тек оқытушы ғана болмау керек, сонымен қатар оқушыларды тіл үйренуге шабыттандыру маңызды. Мұны жеке тапсырмалар, белсенділік пен жетістіктерді марапаттау, өзін-өзі көрсетуге жағдай жасау сияқты әдістерді қолдану арқылы жүзеге асыруға болады. Мотивация тек сыртқы факторларға (мысалы, бағалар) ғана емес, сонымен қатар ішкі қызығушылыққа да тәуелді, ал мұғалім оқушының ішкі мотивациясын оята білуі қажет.

Мұғалім әр оқушыны бағалауға мүмкіндік беру үшін әртүрлі өзара әрекеттесу әдістерін қолдануы керек, мысалы, топтық талқылаулар, ойындар, жобалық жұмыс, бұл оқушыларға сенімділік пен бір-бірімен сенімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, оқытудың психологиялық аспектілерін ескеру керек. Позитивті психология әдістерін қолдану, ынталандыру және өзін-өзі сенімді сезінуді қолдау оқушылардың стрессті және алаңдаушылықты төмендетуге көмектеседі, оларды оқу процесіне көбірек тартуға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Қосымша білім беру саласында ағылшын тілін оқыту тек білім беру процесі ғана емес, сонымен қатар оқушының тұлғасын, оның сыни ойлауын, шығармашылығын және командалық жұмыс дағдыларын қалыптастыруды қамтиды. Инновациялық әдістер, мысалы, жобалық оқыту, цифрлық платформаларды пайдалану, инклюзивті тәсілдер және сыни ойлауды дамыту әр оқушыға қолдау көрсететін және өзінің әлеуетін ашуға мүмкіндік беретін орта қалыптастыруға ықпал етеді.

Оқушыларды шынайы өмірде қажетті дағдыларды үйрету үшін креативті және инновациялық әдістерді қолданған педагогтар ерекше білім беру кеңістігін құрып, тек ағылшын тілін үйретіп қана қоймай, оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
UZDIK KALAM

ТЕХНОЛОГИЯ ПРОЕКТНОГО ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ БИОЛОГИ И ГЕОГРАФИИ

Калдыбаева Гульмира Куванышгалиевна
Учитель биологии и географии
средней школы №12, г Актобе

«Скажи мне – и я забуду.
Покажи мне – и я запомню
Вовлеки меня – и я научусь»
(китайская пословица)

Проектная деятельность является основным методом ранней профориентации учащихся. Метод проектов – это метод личностно-ориентированного обучения. Данный метод развивает содержательную составляющую обучения, умения и навыки через комплекс заданий, способствующих актуализации исследовательской деятельности учащихся и аутентичным способам представления изученного материала в виде какой-либо продукции или действий. План изучения учебной темы, реализуемый с использованием метода проектов, базируется на важных вопросах, связывающих содержание образовательных стандартов с мыслительными умениями высокого уровня.

Следует отметить, что реализация метода проектов как исследовательского метода на практике ведет к изменению позиции учителя. Метод проектов предполагает выполнение учителем только функции управления и коррекции деятельности учеников, которые сами ставят перед собой задачи и решают их, осуществляют контроль своих действий и оценку своего результата. Проект как форма работы требует оформления результатов для предъявления их окружающим. Основная цель проектного обучения – создать условия для развития умения школьников, учиться на собственном опыте и опыте других обучающихся в процессе разработки учебного проекта. Этот метод продолжает активный поиск приёмов развития творческого потенциала обучающихся, стимулирует познавательный интерес.

Именно в таком ключе метод проектов способствует формированию ключевых компетенций: познавательных, личностных, самообразовательных, социальных. И, конечно, компетентное отношение к своему здоровью и здоровью окружающих.

Преподаваемые мною предметы – биология и география - располагают большими возможностями для применения проектной деятельности на уроках, но в большей степени – во внеурочное время. В моей практике, несмотря на мое желание мотивировать всех ребят к этой деятельности, действительно серьезно и плодотворно работали над проектами только те, у кого была явная склонность к предмету. Эти учащиеся с удовольствием посещали внеурочные занятия, на которых часть времени посвящалось реализации творческих замыслов над проектами. Иногда среди таких детей, присутствуют одаренные в этой области знаний.

Использование данной технологии на уроках биологии и географии открывает перед учителем широкие возможности: структурирование большого объема информации, вовлечение учащихся в учебную деятельность, возможность учащихся увидеть процессы, развитие которых невозможно воспроизвести в реальности. В ходе осуществления проектной деятельности создаются также условия для формирования системы классов универсальных учебных действий: учащиеся учатся выдвигать проблему, самостоятельно характеризуют, получают информацию из различных источников, учатся анализировать приобретенные знания, Проектная деятельность развивает исследовательские навыки. Учащийся становится «архитектором и строителем» образовательного процесса.

Организуя проектно-исследовательскую деятельность, учителям полезно помнить о возможностях межпредметного взаимодействия. Представляя собой учителей разных дисциплин (биология, химия, география, физика), имеется возможность совместного курирования работ обучающихся, что позволяет детям более широко изучить интересующий их материал. Каждый этап проектной работы, в зависимости от его завершенности, может быть представлен в виде доклада на уроке, внеурочном занятии, заседании школьного научного общества, конференциях разных уровней

Таким образом, внедрение в школьную практику проектной деятельности, которая носит личностно-ориентированный характер, развивает

познавательный интерес, творческий поход к решению проблем и ориентирует учащихся на будущую профессию.

Список литературы:

1. Асмолов, А.Г. Формирование УУД в основной школе. От действия к мысли. Система знаний: пос. для учителя А. Г. Асмолов, Г. В. Бурменская, И. А. Володарская. – М.: Просвещение, 2011.
2. Биология : пособие / Н. К. Саваневский, Е. Н. Саваневская, Г. Е. Хомич. – Минск: Новое знание, 2012.
3. Биология пособие / О. Н. Борздова, Н. В. Иващенко, Ю. А. Куликова. – Минск: Издательский центр БГУ, 2012.
4. Кострикина, И. С., Порядина Е. Д. Проектная деятельность профессионализации старшеклассников // Психология обучения. – 2013. - № 5. – С. 130-140
5.Полат Е.С. Метод проектов на уроках /. - 2000. - №1.
6.Новикова Т.Д. Проектные технологии на уроках и во внеучебной деятельности. Народное образование. 2000, № 8-9, с.151-157.

РОЛЬ МУЗЫКИ В ШКОЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ: ВОСПИТАНИЕ ВКУСА, ЭМОЦИЙ И ЛИЧНОСТИ

Коршикова Валентина Вячеславовна
учитель музыки КГУ СШГ №9 г.Актобе

Аннотация. В этой статье мы рассмотрим, почему музыка так важна в школьном обучении, как она способствует всестороннему развитию ребёнка и почему её нельзя исключать из образовательного процесса. Музыка в школьном образовании играет важную роль в развитии личности ученика. Она способствует не только овладению музыкальными навыками, такими как игра на инструментах и вокальное исполнение, но и формирует эмоциональную грамотность, творческое мышление, внимание и усидчивость. В целом, музыка в школе является важным инструментом для всестороннего развития учащихся и формирования гармоничной личности.

Роль музыки в школьном образовании: воспитание вкуса, эмоций и личности. Музыка всегда была неотъемлемой частью человеческой культуры, и её роль в образовательном процессе, особенно в школе, трудно переоценить. Уроки музыки, школьные концерты и коллективные занятия не только помогают детям развить музыкальные навыки, но и играют важную роль в воспитании эмоциональной грамотности, креативности и социальных навыков.

Музыка как средство развития личности. Школьные уроки музыки помогают детям не только научиться играть на инструментах или петь, но и развивают такие важные качества, как внимательность, усидчивость и самодисциплина.

Музыка способствует улучшению памяти, концентрации и восприятия, что полезно не только в музыкальных занятиях, но и в других областях учебной деятельности. Это формирует у него стойкость и способность справляться с трудными задачами в других областях жизни.

Эмоциональное развитие через музыку. Музыка оказывает глубокое влияние на эмоции человека. Для школьников она становится важным каналом для самовыражения. В отличие от других дисциплин, музыка напрямую воздействует на чувства, позволяет детям выразить радость, грусть, тревогу или восхищение. Через музыку дети учат свои эмоции быть более осознанными, а также учат их контролировать.

Музыкальные произведения часто помогают подросткам справляться с внутренними переживаниями и найти способы выражения своих чувств, что важно в период взросления.

Развитие музыкальных навыков. Уроки музыки в школе дают детям возможность освоить основы теории музыки, научиться читать ноты, играть на различных инструментах, а также петь. Эти навыки развивают координацию, внимание и слух. Знание музыкальных инструментов и основных принципов композиции не только помогает детям овладеть конкретными навыками, но и формирует более широкое понимание искусства и культуры.

Музыкальное образование в школе закладывает фундамент для более глубокого изучения музыки в будущем, будь то профессиональное образование в музыкальной сфере или просто увлечение музыкой в дальнейшем.

Музыка и мультикультурализм. Современные школьные программы всё чаще включают музыкальные произведения разных народов и культур, что помогает детям понять разнообразие мира и научиться ценить культурное многообразие. Изучая музыку разных стран и эпох, дети знакомятся с традициями других народов, что способствует развитию толерантности и уважения к различиям.

В частности, изучение музыки народов мира расширяет кругозор школьников, помогает им лучше понять не только особенности национальных культур, но и общие черты, присущие всем человечества. Это даёт учащимся возможность осознавать, что музыка, несмотря на различия в стилях и формах, является важным элементом, объединяющим всех людей.

Практическое применение музыки в школьном процессе. Музыкальные занятия не ограничиваются только прослушиванием произведений или исполнением на инструментах. Музыка также может быть интегрирована в другие предметы и учебные процессы.

Кроме того, современные технологии открывают новые возможности для обучения музыке в школе. С помощью различных программ и приложений дети могут создавать собственные композиции, а также знакомиться с электронной музыкой и новыми музыкальными жанрами, что расширяет их горизонты и даёт новые формы самовыражения.

Музыка в школьном образовании - это не просто предмет, который учит детей петь или играть на музыкальных инструментах. Это важный инструмент для развития эмоциональной, творческой и социальной стороны личности ученика. Музыка способствует формированию важнейших навыков, таких как усидчивость, трудолюбие, внимательность и способность работать в команде. Она учит детей не только искусству, но и жизни, помогает понять свои эмоции и чувства, а также уважать и ценить других людей.

Использованная литература:

1. Абдувалиева, М.Т. «Влияние музыки на эмоциональное и интеллектуальное развитие учащихся». 2019
2. Құрманова, А. М. «Роль музыкального образования в воспитании творческой личности». 2020
3. Мухамеджанова, А. А. «Музыкальное образование в Казахстане». 2013
4. Омарова, Б. Н. «Современные подходы к музыкальному воспитанию школьников». 2017

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ОҚУШЫЛАРҒА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІН ОҚЫТУ

Қайсарханова Баян Қазболатқызының
«САҒАДАТ НҰРМАҒАМБЕТОВ атындағы №4
жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің қазақ тілі мен әдебиет
пәнінің мұғалімі

Бүгінгі таңда педагогикалық ойлауға орай оқыту мен тәрбие үрдісіне де елеулі өзгерістер орнығуда. Мұндай өзгерістер бастауыш мектеп оқушыларын оқыту және тәрбиелеуге жаңа талаптар қоюда. Әсіресе, әсемдікті түсінетін, мәдениетті, үйлесімді дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеуде көркемдік талғамды қалыптастыру жауапкершілікпен қарауды қажет етеді. Қазақстан Республикасы мемлекеттік «Мәдение мұра» бағдарламасында маңызды міндеттер ретінде рухани және мәдение мұраны, соның ішінде қазіргі заманғы ұлттық мәдениетті, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделеудің, әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениеттің таңдаулы жетістіктерінің негізінде гуманитарлық білім берудің толыққанды жүйесін құру мәселелері ретінде: Білім беруді жаңарту үрдісі деп – ұлтымыздың салт-дәстүрін, мәдени мұрасын, рухани құндылықтарын, яғни, оқу-тәрбие үрдісін біртұтас алып жүретін халықтық педагогика негіздерінен құралатын ұлттық идеологиялық бағыттың тұрақты бір жүйесін түсінеміз» - деп айқын көрсетілген.

Осыған орай, қазіргі кезде жаһандану және қазақ халқының рухани өрлеуі жағдайында жас ұрпақты өз халқының рухани, мәдениетті қазынасымен, оның ұлттық мәдени-эстетикалық құндылықтары арқылы тәрбиелеу мәселесін ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеп, практикалық жағынан жетілдіре түсу қажеттілігі айқындалып отыр. Егеменді елдің болашақ азаматтары – бүгінгі оқушылардың қандай құндылықтарға бағытталғандығы, нені қадірлеп, қастерлейтіні, қоғамда қандай әлеуметтік қызметті атқаруға даяр екендігі мемлекеттің өсіп-өркендеуіне әсер етуші факторлардың бірі ретінде маңызды орын алады.

Әрбір ғылым саласы өзінің зерттеу бағытына сәйкес құндылықтарды түрліше деңгейде қарастырады. Қазіргі кезде құндылық термині философия, әлеуметтану, этика, эстетика, психология, педагогика ғылымдарында кеңінен қарастырылуда. Біз құндылық мәселесіне арналған еңбектерден өз зерттеуімізге қатысты «құндылық» ұғымының философиялық, мәденитанымдық, эстетикалық, педагогикалық мәніне баса назар аудара отырып, оларды өз зерттеуіміздің алғышарттары ретінде жүйелі түрде талдау жасаймыз.

Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар қарым-қатынастардан, қоғамдастықтан тыс жеке-дара қалыптаспайды. Ұлттық сезім – ерекше әлеуметтік-психологиялық құбылыс, ол сыртқы әсерлерге, тез бой алдырып отырады деп дәлелдейді зерттеуші ғалымдар Болашақ ұрпақты сан ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік тарихы бар құндылықтар негізінде тәрбиелейтін мазмұнды ақпараттар өте мол. Олар ғұлама ойшылдардың, педагогтар мен психологтардың еңбектерінде түрлі көзқарастарда баяндалып, атадан балаға ұласатын құндылық сезім ниеттер, ұмтылыстар, тұлғаның тәрбиелігін анықтайтын ізгі қасиеттерді қамтиды. Бұл өз кезегінде ғылым әлеміндегі құндылықтар ұғымына байланысты алуан түрлі тұжырымдармен айқындалып, нақтыланып отырады.

Сондықтан ол үнемі тәрбиелеуді және ақыл-парасат тарапынан бақылауды қажет етеді. Жеке тұлғаның ұлттық сезімін тәрбиелеу айналасындағы ортада қалыптасқан, олар үшін өмірлік қағида болып табылатын белгілі-бір құндылықтармен толтыру арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Ақыл-ойдың бақылауындағы және белгілі бір ортаның ықпалындағы ұлттық сезім ізгі, адамгершілікті болады. Табиғи, биологиялық, тектік нышандармен органикалық түрде астарласады. Бірақ ақыл-парасаттың өзі адамдардың қандай да бір бөлігінде, ал кейбір едәуір бөлігінде әртүрлі қоғамға қарсы идеялармен, психологиялық тойымсыздықпен, өзімшілдікпен, басқа ұлттық құндылықтарды қабылдамау арқылы да ластануы мүмкін.

Құндылықтар мәселесін арнайы зерттейтін ғылым саласы аксиология (грек тілінде axis – бағалы, құндылық, «logos» - ілім, ғылым). Аксиология құндылықтар жаратылысы туралы, оның обьективті орны мен құндылық әлемдегі құрылымы туралы, яғни әлеуметтік және мәдени факторлар мен тұлға құрылымы араснындағы әртүрлі құндылықтар байланысы туралы ілім.

Қазақ тіліндегі түсіндірме сөздігінде: «құндылық» – нарқы жоғарылық, қымбаттылық, бағалылық. Құндылық арқылы сол заттың маңызын, мәнділігін, пайдалылығын, қажеттілігін білуге болады» - деп сипаттаған.

Философиялық сөздікте: «құндылық» - бұл, танымның, белгілі бір обьектінің адам үшін, топ үшін, қоғам үшін қасиетті деп танылуы. Құндылыққа ешқандай күмән келтіруге болмайды, ол барлық адамдар үшін идеал, эталон қызметін атқарады» - деген анықтама беріледі.

Психологиялық сөздікте: «құндылық» түсінігі қоғам үшін әлеуметтік-тарихи маңызы бар, жеке адам өмірінің болмысын және қоғамдағы моральдық қарым-қатынасты анықтайтын құбылыс ретінде түсіндіріледі. Мәселен, психолог А.Н.Леонтьевтің пайымдауы бойынша құндылық» ұғымы мынадай үш құбылысқа қатысты қарастырылады:

1. Қоғамдық идеалдар – қоғамдық сана арқылы пайда болған қоғамдық өмірдің түрлі салаларындағы мүлткісіздік, кемелдік туралы қоғамдық түсінік, норма.
2. Осы қоғамдық иедалдардың нақты адамдар іс-әрекетінде заттануы, жүзеге асуы.
3. Қоғамдық идеалдарды өз іс-әрекетінде нақты пайдалануға түрткі болатын тұлғаның мотивациялық құрылымы.

Ал, Қазақстандық философтар құндылықтар – қасиеттер дей отырып, бұл қасиеттердің бала кезден, ана сүтімен бірге өзінің ана тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде орныгатындығын ерекше бағалайды. Ол құндылық қатынас әрқашан да субьектінің бойында белгілі бір эмоцияларды – қуану, сүйсіну, таңдану, табыну туғызатындығын айта келе, мынандай құндылықтарды анықтайды: адам өмірі, еркіндік, адамгершілік, отбасы, қарым-қатынас, жеке бақыт, ұрпақ көбейту, күнкөріс көзі және әрекет мәні ретіндегі жұмыс, игілік, беделділік, заңдылық, мейірімділік, тәуелсіздік.

Әлеуметтанушылар құндылықтарды: адам өмірі, бостандық, отбасы, адам бақыты, ұрпақ жалғастыру, еңбек ету, табыс, ынтымақтастық, белсенділік, мәдениет, әдебиет, тарих, тіл, дін, ар, ұят, намыс, абырой, дәстүр, әдет-ғұрып, салт, ұлттық тәлім-тәрбиелік негізінде дамып қалыптасты.

Мәдениетті тұлға қалыптастыру сипатында қарастырған Л.Н.Коганның, пікірі бойынша: «Мәдениетті түсіндірудің негізінде адамның белсенді шығармашылық іс-әрекеті және соған сәйкес іс-әрекет субьектісі ретіндегі адамның өзінің даму жағдайы алынады. Мәдениеттің дамуы осы жағдайда қоғамдық тіршілік әрекеттерінің кез-келген өрісіндегі тұлғаның дамуымен сәйкес келеді».

Анықтама негізінде материалдық және рухани мәдениетті тұлғалық қасиетті қалыптастыру сипатында қарастырғанда, бірнеше елеулі түсініктерге тоқтала кету қажет. Олардың ішіндегі маңыздылары: мәдени әрекет, мәдени орта, мәдени игіліктер, мәдени қажеттіліктер. Егер мәдениетті іс-әрекет тұрғысынан қарастырсақ ол қоғамдағы адамның белсенділігін жүзеге асыруға мүмкіндік туғызатын қоғамдық өмірді реттеуші, мәдени құндылықтарды сақтаушы оны қайта өндеуші болып табылады.

Рухани құндылықтар арқылы адамдар өткен дәуірлердегі құндылықтар туралы тек біліп қана қоймай, оның маңызды және қажетті деген элементтерін өз бойына сіңіріп, өзінің рухани мұратына, мақсатына айналдырып отырады. Осындай жағдайда ғана нағыз рухани сабақтастық болуы мүмкін. Рухани дәстүр адамды түлетуі қажет.

Ұлттық тәрбие – сол ұлттың мәдениетін дамытудың қозғаушы күші болып табылады. Өйткені ол халықтың ұлттық тәлім-тәрбиелік негізінде дамып, қалыптасты.

Ақын-жыраулардың толғауларында бүкіл қазақ халқының ой -арманы мен эстетикалық түсініктері шынайы бейнеленген. Олардың шығармашылығындағы ұлттық көркем мәдениет алдымен тұрмыс-салт жырларында, қолөнерінде көркем формада баяндалған. Эстетика көркемдік (әсемдік) әдептен, дәстүрден, салттан, санадан айқын көрініп жеке тұлғаның, топтың, ұжымның, ұлттың эстетикалық мәдениетін көрсетеді. Эстетикалық әсерленуден қабылдау, қабылданудан тану, талғам, эстетикалық сана қалыптасады. Ол туралы «Құлақтан кіріп, бойды алар, әсем ән мен тәтті күй, Көңілге түрлі ой салар: әнді сүйсең, менще сүй» - деп Абай эстетикалық талғам мен сананың өзектес өрнегін жеткізе бейнелейді, сөйтсе де, өлең өрнектерімен әсемдік жасайды.

- работать с метафорами: понимать переносный смысл выражений, понимать и употреблять обороты речи, построенные на скрытом уподоблении, образном сближении слов.

2) С целью формирования у учащихся читательского умения интегрировать и интерпретировать информацию текста:

- выделять основную и второстепенную информацию, извлекать из текста единицы информации, объединенные общей темой;
- обнаруживать в тексте доводы в подтверждение выдвинутых тезисов;
- аргументированно, связно, последовательно отвечать на вопрос в письменной форме, используя информацию исходного текста;
- устанавливать причинно-следственные связи между единицами информации текста, делать умозаключения на основе текста;
- различать информацию, заданную в тексте, от той, которой учащиеся владеют на основе личного опыта.

3) С целью формирования читательского умения анализировать и оценивать содержание текста:

- размышлять об информации, сообщенной в тексте; высказывать согласие / несогласие с авторской позицией, мотивировать его;
- оценивать утверждение текста с точки зрения моральных или эстетических представлений;
- формулировать логические умозаключения на основе информации, приведенной в тексте, приобретенных знаний и собственного опыта, сравнивать новую информацию с прочитанным ранее;
- высказывать свою собственную точку зрения о том, что обсуждается в тексте, и обосновывать ее, приводить доводы в защиту своей точки зрения;
- при оценке содержания текста обращать внимание не только на главные характеристики текста, но и на детали.

Тексты окружают современного человека на каждом шагу: реклама, доклад на собрании, статья в газете или интернете, SMS-сообщение, заявление о приеме на работу, школьное сочинение и прочее. Умение понимать и создавать текст формируется, прежде всего, на уроках русского языка и литературы.

Очевидно, что развитие смыслового чтения как таковое для слабовидящих детей – процесс сложный. Но здесь на помощь приходят, во-первых, современные технические средства для увеличения текста; во-вторых, известные всем увеличительные лупы; в-третьих, это, конечно, фонозаписи стихотворений, художественных

произведений, спектаклей. Звучащее слово становится самым актуальным элементом работы на уроках русского языка и литературы. При этом надо понимать, что у слабовидящих детей особо развит слух и вокальные данные, поэтому на уроках мы не просто читаем, а иногда поем. Например, на уроке русского языка в пятом классе по теме «Алфавит» я дала своим учащимся задание – повторить русский алфавит и пропеть его, положив на музыку, которая им больше всего нравится. Идея так понравилась детям, что на следующий урок мы наслаждались и красивой музыкой, и прекрасным исполнением. С тех пор правила русского языка мы тоже иногда «поём». На уроках литературы этот приём ещё проще использовать, когда знакомимся с миром поэзии.

Ещё одной приоритетной особенностью развития смыслового чтения детей является воспитание. Программа духовно-нравственного воспитания становится ориентиром формирования ценностей. Литература как учебный предмет в школах слепых и слабовидящих выполняет образовательные, воспитательные и компенсаторно-коррекционные функции.

Все эти причины обусловливают особенности изучения литературных текстов в школах слепых и слабовидящих. В чем же они заключаются? Поскольку художественная литература отражает все стороны действительности, то происходит обогащение личного опыта учащихся общественно выработанными. Кроме того, лингвистические особенности художественной литературы, словарная доступность обеспечивают ей роль одного из основных источников знаний.

Любое художественное произведение рассматривается на уроке в контексте всего творчества писателя или одного из этапов его творческого пути. Задача читателя, как минимум, выявить связь отдельных элементов анализируемого текста (темы, образы, способы выражения авторской позиции) с художественным целым. Для этого может быть использован такой прием как “Чтение с остановками”. Его цель - заинтересовать ребенка книгой, привлечь к осмысленному чтению. Учитель должен уметь “погрузить” ученика в мир художественного текста, научить его быть читателем, умным, вдумчивым, чувствующим, готовым совершать открытия. Общий алгоритм работы с данным приемом:

1. Вызов. Конструирование предполагаемого текста по опорным словам, обсуждение заглавия рассказа и прогноз его содержания и проблематики.
2. Осмысление. Чтение текста небольшими отрывками с обсуждением содержания каждого и прогнозом развития сюжета. Вопросы, задаваемые учителем: кто, что, где, когда и почему?
3. Рефлексия. На этой стадии текст опять представляет единое целое. Важно осмыслить этот текст. Формы работы с текстом могут быть различными: письменная работа, дискуссия, совместный поиск. Этот прием позволяет обеспечить благоприятные условия для художественного восприятия произведения и его углубленного анализа, способствует предупреждению зрительной утомляемости учащихся и сохранению работоспособности в течение всего урока.

Целостное восприятие и понимание литературного текста, умения анализировать и интерпретировать текст возможно при опоре на следующие виды деятельности:

- осознанное, творческое, выразительное чтение художественных произведений разных жанров;
- пересказ (подробный, краткий, с элементами комментария, с творческим заданием);
- ответы на вопросы;
- анализ и интерпретация произведения;
- составление планов;
- характеристика литературного героя;
- написание отзыва о произведении;
- написание сочинения.

Работая с текстом, дети обретают навык видеть слово в глубокой перспективе целого. При подборе содержания занятий должны учитываться современные условия и задачи воспитания подрастающего поколения, выведение ребёнка из состояния пассивности в состояние активного действия, когда возрастает познавательный интерес к предмету, развитие умственных способностей, критическое мышление.

Научить современных школьников вдумчиво читать, извлекать из прочитанного нужную информацию, соотносить ее с имеющимися знаниями, интерпретировать и оценивать - важные задачи ряда школьных предметов. И основная нагрузка ложится на гуманитарные предметы. В то же время надо учесть, что развивают творческую активность, стимулируют интерес учащихся к предмету разные виды работы с текстом.

Использованные источники:

1.Асмолов А.Г. Формирование универсальных учебных действий в основной школе: от действия к мысли. Система заданий для учителя. - М.: Просвещение, 2017,-159 с.
2.Доскарина Г.М. Исследование в действии: Способы и приемы повышения уровня читательской грамотности учащихся / Г.М.Доскарина, А.С.Сабитова // Молодой ученый. - 2016. - №10.4. - С. 19-21.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БАСТАУЫ-БАЛАБАҚШАДА



Шонтыбаева Анаргул Ескуатовна
Педагог-сарапшы
Ақтөбе облысы, Алға ауданы , Алға қаласы
№1 «Еркетай» Алға бөбекжай - балабақшасы

Экологиялық білімнің маңызы өте терең жатыр. Табиғат – бізге берген ең құнды қазынамыз, бірақ табиғаттың байлығы өлшеусіз емес. Оны аялап, қорғау керек. Ең алдымен осыны өскелең ұрпаққа түсіндіруге тиіспіз. Дәл осы мақсат тәрбие мен білім беру ісінде айқын көрініс табуы қажет. Себебі адам баласы өзін табиғаттан тыс елестете алмайды. Жас ұрпақты табиғатты қорғауға тәрбиелеу ұлттық негіздегі балабақшадан басталады. Туғаннан өмірден өткенше табиғаттың мол ырзығын пайдаланамыз. Сол себепті табиғат-ананы аялау, қамқорлық көрсетуге бағытталған экологиялық білім үздіксіз беріліп отыруы керек. Әрине, білім берудің барлық сатысында ма-ңызды, дегенмен тақырыпқа арқау болып отырған экологиялық білімнің балабақшадан бастап берілуі – өте өзекті. Өйткені мектепке дейінгі білім – барлық білім беру жүйесінің бастау бұлағы. Енді осы мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласында балаларға экологиялық білім берудің тиімді ерекшеліктеріне тоқтала кетейік. Балабақшадағы экологиялық білім балаларға табиғатты аялап, оны қамқорлық¬қа алып күту, табиғат жөнінде қарапайым білім бере отырып, тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде қарапайым ұғымдар қалыптастыруға бағытталады. Шынында табиғат – мектеп жасына дейінгі балалар үшін түрлі табиғи құбылыстарды танудың таптырмас жолы ғана емес, сөздік қорын байытудың көзі. Сондықтан экологиялық тәрбие мен білім беруді тіл дамыту мен сауат ашу оқу қызметтеріне кіріктіріп отырған жөн. Бір жағынан бұл маңызды оқу қызметтерін түрлендіреді, екінші жағынан экологиялық тәрбие мен білім беріледі. Жалпы экологиялық тәрбие мен білім беру міндетін балабақшадағы кез келген сабаққа кіріктіріп жіберуге әбден болады. Мұндай жұмысты нәтижелі жүргізу тәрбиешінің тәжірибесі мен біліктілігіне байланысты. Дегенмен экологиялық білім беруді негізгі оқу қызметтерінің мазмұнына кіріктірумен ғана шектемеген дұрыс. Біз балалар-ды табиғатпен танысып, айнала қоршаған ортасына деген қамқорлықты қалай көрсететінін үйретіп, үйдегі, ауладағы өсімдіктер мен жануарларды күтіп-баптауға баулимыз. Себебі балалар көзбен көріп, қолмен ұстап, өздері сезінген нәрсені есінде сақтап қалады, ұмытпайды. Жалпы мектеп жасына дейінгі балалардың ерекшелігінде бір нәрсені үйре¬ту үшін оны бірнеше мәрте қайталап айтуға тура келетінін ескерсек, көрсетудің маңызы өте зор. Сондықтан кішкентайларға экологиялық тәрбие мен білім беруді түрлендіріп отырған абзал. Түрлендіруді табиғатқа саяхат, мұражайларға бару, мақсатты серуен, телебағдарламалар, бейнефильмдер, табиғат туралы көркем әдебиеттер, суреттерді, фотосуреттерді, иллюстрацияларды тамашалау арқылы жүзеге асыруға болады. Сондай-ақ тәрбиеленушілермен бірге түрлі қызықты эксперименттер жасау да ерекше әсер қалдырады.Бұдан бөлек экологиялық тәрбие беруде халықтық педагогика негіздерін пайдалану да оқу-тәрбие жұмысын өнімді етеді. Мысалы, табиғат құбылыстарына қатысты түрлі қазақы болжамдарды, қоршаған ортаны қорғауға үйрететін мақал-мәтелдер мен танымдық қабілетін арттыруға септігін тигізер жұмбақтар, тақ¬пақтар жаттатуға болады. Бәрі де тәрбиешінің шебер¬лігіне келіп тіреледі. Бастысы мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеумен, жас ұрпаққа білім берумен айналысатын педагог балабақшадағы білім нәрінің бала өмірі үшін уызына жарығанмен тең екенін ұмытпауы қажет. Табиғат – тіршілік көзі.Табиғатты қорғау, аялау - әр адамның міндеті. Үлкен-кіші әрдайым оны таза ұстап, құрмет тұту қажет. Адам табиғатқа мейірімділікпен, сүйіспеншілікпен, қамқорлықпен қарап, үйлесімділік сақтағанда, адамзат баласы үшін табиғат – кең сарай, мәңгі тозбас құтты қоныс болады. Табиғат – тіршілік атаулының құтты қоныс-мекені, тіршіліктің түлеп өсуіне қажет, жер бетіне көрік берген сәні. Халқымызда табиғат деген сөз жер, туған жер, атамекен ұғымдарымен қатар тұрады. Әрбір азамат табиғат алдында өзін жауапты, барлық жануарды киелі санап, өзен, көл жағалауларын таза ұстап, бұлақ көрсе көзін ашып, жастайынан балаларының санасына сіңіріп, бойларын жақсылыққа үйреткен. Табиғатты қорғау қарапайым дүниеден басталады деп ойлаймын. Табиғат пен қоршаған ортаны қорғаудың жолдарын ұғындыру, жалпы халықтың экологиялық сауатын ашу, жастарға үздіксіз білім беру нәтижесінде ғана

шешіледіабиғат тіршіліктің құт - берекесі. Табиғатты қорғау міндетіміз. Қазіргі кезде экология мәселесі нашарлап кетті. Табиғатты қорғау, сақтау қазіргі жастардың қолында. Қазақ халқында табиғатты құрмет тұтады. Адам табиғаттың патшасы деген ұғым бар. Сондықтан табиғат адам үшін асыл ана. Өйткені адам баласы табиғаттың тіршілігінде өсіп-өніп, жетілген. Табиғат - ырыздықтың, ырыс пен мол қазынасының қайнар көзі, адам денсаулығының сенімді сақинасы. Қазіргі табиғаттың ластануы үлкен - мәселе. Бұл барлық дүние жүзінде қарастырылуда. Табиғат-сөз жетпес сұлулық, баға жетпес қазына, көз тоймайтын әсемдік, айтып жеткізе алмайтын қыры мен сыры мол құбылыс болғанымен қазір сол табиғат нашарлап, ластануда соның салдарынан адам өміріне қауіпті жағдай тудыруда. Біз табиғаттағы әрбір жайқалып тұрған ағашқа қамқорлық танытуымыз қажет. “Бір тал кессең, он тал ек”, “Жер құтты болса, мал сүтті болады”-демекші, айналамызда табиғаттан лас иісті, ауру тудырушы бактерияларды жоюшы тал, жасыл желек. Табиғаттың зардаптарына төтеп беру үшін табиғатты ластамай қорғауымыз керек. Та-биғатқа адал болайық, ал адалдық табиғат үйлесіміндегі қатынастардың шынайылығы мен табиғилығын айқындайтын категория екені сөзсіз. «Табиғатсыз адамзаттың күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» деп халық даналығында айтылғандай, табиғатты қорғау біздің міндетіміз, болашақ ұрпаққа қалдырар байлығымыз. Сондықтан табиғаттың жанашыры болу әр адамның міндетті борышы екенін біліп жүрейік!

КОМПЛЕКС ТВОРЧЕСКИХ ЗАДАНИЙ ИСПОЛЬЗУЕМЫХ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ

Щербакова Евгения Анатольевна
учитель начальных классов начальной школы
села Сосновка Бурабайского района Акмолинской области

Для того чтобы быть востребованным в современном обществе, необходимо вносить в него новое своей деятельностью, т.е. быть «незаменимым». А для этого, деятельность должна носить творческий характер. Актуальность выбранной темы заключается в том, что модель современного выпускника школы строится на принципах самостоятельности, способности логически и творчески мыслить. Всё это формируется на начальных ступенях школьного образования. Задания творческого характера можно использовать на всех уроках математики. Главная цель развития творческих способностей - воспитание подлинно творческой свободной личности. Для решения этой цели определены следующие задачи:

- формировать у детей способности самостоятельно мыслить, добывать и применять знания;
- развивать познавательную, исследовательскую и творческую деятельность;
- находить нестандартные решения любых

возникающих проблем.

Надо отметить, что современные образовательные программы для младших школьников подразумевают решение задач развития творческих способностей ребенка в учебной деятельности. Безусловно, каждый урок начинаю такими словами: «Улыбнитесь друг другу» или «Желаю вам приятного учебного дня», «Разрешите мне на вас полюбоваться», «Подарите друг другу улыбки и хорошее настроение и т.д. В каждый урок пытаюсь внести что-то новое, занимательное. Для развития творческого мышления и воображения учащихся предлагаю такие виды работ :

Геометрические ребусы, кроссворды на различные темы, графические диктанты, игры «Верю — не верю». Развитие психологических механизмов как основы развития творческих способностей (памяти, внимания, воображения, наблюдательности). Игра «Внимание» или, например, такие задания:

- Сколько на рисунке треугольников? (других геометрических фигур?).
- Чем отличаются картинки?
- Раскрась участки, на которых ты встретишь такие фигуры (даются образцы различных фигур и большой рисунок, который составляют эти фигуры).
- Продолжи линию.
- Дорисуй рисунки, чтобы они были одинаковыми и т.д.

Для развития воображения:

- Нарисуй что хочешь. Составь геометрическое описание своего рисунка.
- Надень волшебные очки, через которые мы видим всё вокруг нас только в виде треугольников (квадратов и т.д.), нарисуй, что у тебя получилось.
- Дорисуй так, чтобы получился какой-то предмет. Игра «Давай пофантазируем». Даются различные фигуры или несколько фигур.
- Задачи — шутки, задания со спичками (А.Т.Улицкий, Л. А. Улицкий «Игры со спичками).

Решение частично-поисковых задач разного уровня. Здесь детям даются задания, решение которых они находят самостоятельно без участия учителя или при его незначительной помощи, открывают новые для себя знания и способы их добывания. Это задания на выявление закономерностей:

- Раздели фигуры на группы.
- Найди «лишний» рисунок.
- Начерти розовый отрезок длиннее зелёного, зелёный длиннее синего, а коричневый равный розовому отрезку.
- Найди закономерность и нарисуй все следующие многоугольники.
- По какому принципу объединили данные фигуры и др.

Для развития творческих способностей учащихся огромное значение имеют такие частично-поисковые задания, которые содержат несколько вариантов решений.

Решение творческих задач. Такие задания требуют большей или полной самостоятельности и рассчитаны на поисковую деятельность, неординарный, нетрадиционный подход и творческое применение знаний. Примером таких заданий могут быть разнообразные игры на составление фигур-силуэтов по своему замыслу: Монгольская игра «Танграм» (составление прямоугольника из треугольников и четырёхугольников). Решая творческие, нестандартные задания, дети испытывают радость приобщения к творческому мышлению. Задачи в стихотворной форме. При проведении устного счета включаются упражнения и задачи, составленные в рифмованной форме. Это оживляет работу, вносит элемент занимательности. Задачи такого типа используются при изучении таблиц сложения, вычитания, умножения и деления.

Задачи в занимательной форме. Активизируют умственную деятельность, заинтересовывать математическим материалом, увлекать и развлекать детей, развивать ум, расширять, углублять математические представления, закреплять полученные знания и умения, упражнять в применении их в других видах деятельности, новой обстановке. Главное в том, что дети учатся анализировать условие задачи, рассуждать, привыкают отвечать не учителю, а классу, выражая своё мнение: «Я думаю», «Я хочу добавить», «Я не согласен с ним». Умение ставить вопросы, побуждает детей использовать знания в новой ситуации. Работая в школе, я пришла к выводу, что наиболее эффективными средствами включения ребёнка в процесс творчества на уроке является игровая деятельность, создание положительных эмоциональных ситуаций. Применение творческих заданий на уроках математики способствует формированию убеждённости учащихся в том, что они не только успешно усваивают теоретический курс математики, но и сами создают нечто новое. Сама новизна предлагаемой умственной работы требует интуиции, своеобразной умственной инициативы. Ребёнку предстоит открыть много неизвестного, искать оригинальные, нестандартные решения в различных видах деятельности. Думаю, что такой деятельностью является познавательная творческая деятельность. Потому что в её основе лежит реализация и развитие познавательных интересов ребёнка. Я считаю, что каждый творчески работающий учитель добивается этого, используя свои приёмы развития творческих способностей познавательных интересов. И что у каждого учителя есть возможность дойти до сердца каждого ученика и попытаться раскрыть его творческие способности.

Творческие задачи - это такие задачи, для решения которых, как правило, не требуется выполнение вычислений, а используются лишь логические рассуждения.

- задачи на переливание;
- задачи на взвешивание;
- задачи на переправы;
- задачи на разъезды;

- задачи на дележи;
- задачи на соответствие и порядок;
- истинностные задачи;
- задачи на распиливание, разрезание;
- задачи на принцип Дирихле.

2. Геометрические задачи - геометрические головоломки, геометрия в пространстве, геометрия на клетчатой бумаге.

3. Нестандартные арифметические задачи – это текстовые задачи, в которых требуется найти значение некоторой величины с помощью арифметических действий над числами и для которых в курсе математики начальной школы нет общих правил и положений, определяющих решение.

4. Комбинаторные задачи - это задачи, требующие осуществления перебора всех возможных вариантов или подсчета их числа.

5. Простейшие задачи вероятностного содержания. Это задачи на классификацию событий, задачи об исходах в испытаниях.

Приведу примеры нестандартных задач, геометрических, комбинаторных и др., ответ на которые необходимо логически обосновать:

Задачи практической направленности (их мы встречаем в ВПР)

Нестандартные задачи призваны пробудить у учащихся интерес к математике. А заинтересованный занимательными задачами ученик начинает увлекаться математикой и переносит интерес к ней и на скучные разделы, неизбежные в каждом предмете. В конечном счете, это способствует быстроте и глубине усвоения, прочности знаний.

Вклад математики в развитие компонентов функциональной грамотности младшего школьника очень велик. Она влияет на информационную, читательскую, социальную функциональную грамотность, информацию общекультурной направленности. Знания математики используются на уроках технологии, окружающего мира.

Примеры заданий по математической грамотности

Примером задания по математической грамотности для младших школьников на математическую грамотность можно считать задачу про вертлявую девочку, которая по пути на экскурсию хочет посчитать своих выстроившихся парами одноклассников. Сзади четыре пары, впереди – три, и нужно еще не забыть про себя и подружку. Каждый ребенок попадал в похожую ситуацию, поэтому точно знает, о чем речь. Другое задание по математической грамотности – вычислить, на каком этаже находится квартира №125, если в доме всего 5 подъездов и 200 квартир? Так что если ребенок забудет, на каком этаже живет его друг или бабушка, математика поможет.

Литературы:

1. Шевчук И.В. Организация творческой работы на уроках математики в начальных классах. Вектор науки ТГУ. 2019 №2(9).

2.Евтыхова Н. М. К вопросу о функциональной математической грамотности будущего учителя начальных классов // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2015. – Т. 9. – С. 81–85. – URL: http://e-koncept.ru/2015/95033.htm.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ


АКРОБАТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҮЙРЕТУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Есмуканов Айдос Мейрамбаевич
Көкшетау қаласы Ш.Уалиханов атындағы
Көкшетау университеті
жанындағы көпсалалы колледжінің дене
тәрбиесінің мұғалімі

ҚАкробатикалық жаттығулармен айналысу адамның организгіміне жан-жақты ықпал етіп, күш пен ептіліктің дамуына көмектеседі, жүйке бұлшық еттерін және вестибульярлық аппаратты жетілдіреді, қимылдардың жалпы үйлесімділігін жақсартады. Акробатикалық жаттығулар дененің әдеттен тыс қалпына болуымен байланысты және өзінің формасы жағынан әр түрлі ыңғайда домалап түсу, аунап түсу, жауырынға,қолға,тұру және т.б. болып келеді. Осындай алуан түрлі болуы және күрделі жабдықтарды көп қажет етпейтіндігі акробатикалық жаттығулармен кез-келген жағдайда шұғылдануға мүмкіндік береді. Кез-келген акробатикалық жаттығулар орындау техникасын үйренуден бұрын қауіпсіздік ережелерімен танысып, біліп алған жөн. Сонда ғана жаттығуларды орындаған кезде жасқанбай, еркін болып, зақымданудан сақтана алады. Акробатикалық жаттығулар көпшілігі секіру арқылы орындалады, сондықтан секіртпемен көбірек жаттыққан жөн. Секіру жаттығуларына мыналар жатады:

1. Алға қарай орташа адымдау қалпынан екі аяқпен кезек секіру.
2. Жартылай жүрелеп отырып секіру.
3. Бірте-бірте жүрелеп отыра және қайтадан жоғары көтеріле секіру.
4. Біресе сол,біресе оң аяқты бір жақ жанға көтере сілтеу арқылы секіру.
5. Аяқты алшақ қойып тұрған қалпыта секіру.
6. Бұл да сондай, бірақ бір жақ жанға қарай үлкен адым жасап тұрған қалыпта секіру. 7. Баяу және тездетіп «төрт аяқтап» жүру.
8. Бастапқы қалыптан артқа жата қалып, төрт аяқтап, алға, артқа баяу жүру.
9. Қолды еденге иық кеңдігіндей алшақтықта тіреп ұстап, ал екі аяқты бірге ұстап, нәтиже есебі үшін тез-тез бүгіп жазу.
10. 100-110см биіктіктен секіріп түсу.
11. Кедергіден және «терезеден» секіру.

Акробатика - бұл адам өмірінде өз қолтаңбасы бар спорт түрі деуге әбден болады. Себебі, адамның өз денесін өз мұхтажына сәйкес қызмет өткізу - әркімнің ізгі арманы. Сондықтан да цирк өнерімен шұғылданушылар акробатиканы «Цирк ханымы» - деп атайды екен. . «Акробатес» - ірек сөзі, дәл мағынасы - «жоғары шығушы» деген сөз. Барлық акробатикалық жаттығулар негізгі үш топқа белінеді. Олар: секіру, тепе-теңдікті сақтау және лақтыру жаттығулары. Сөйтіп, акробатика дегеніміз жаттығулар жиынтығы, спортшының қимыл-қозғалысын басқару қабілеті, жинақтылық пен шапшандылық және қанатсыз қалықтау өнері



Акробатикалық жаттығулар.

- Аяқты алшақ қойып, тұру қалпынан алға домалап түсу.
- 2. Алға қарай домалап түсіп, жүрегелу және қарсы лақтырылған волейбол добын қағып алу.
- 3. Қолды тіреп отыру және төмен басылып отыру қалпынан артқа қарай домалап түсу.
- 4. Артқа қарай домалап түсу, бір тізерлеп тұру, бос аяқты артқа қарай көтеру.
- 5. Қолды алға қарай көтерілген аяқтың тобығы тұсынан ұстап, адымдап барып алға қарай домалап түсу.
- 6. Жаттығуды бастар алдында жаттығушының өзі лақтырған волейбол добын қағып, ала отырып, алға қарай бірнеше рет домалап түсуді орындау.
- 7. Шеңбердің ортасынан алға қарай созыла домалау арқылы өтіп шығу.
- 8. Жартылай жүрелеп отыру қалпынан адымдап жүріп барып, алға қарай домалап түсу.
- 9. Денені жиырған қалпында алға және

артқа екі рет домалап түсу.

Алға және артқа қарай домалап түсу-денені жинап, жиырып алып аударылып түсу деген сөз. Ардарылып түсу түрлерінің ең қарапайымы- қолды жерге тіреп отырып, алға қарай аударылып түру. Ол үшін төмен жүрелеп отырады да, екі аяқтап сәл алшақ ұстап, екі тізені екі жаққа жіберіп, екі қолды екі аяқтың сырт жағынан еденге тіреген қалпында бастайды: Бұл кезде арқа доғаша иіліп, бұлшық еттері қатаяды. Осындай қалыптағы жиырылу аяқтың денеі итеру күші жүрелеп отыру қалпына келгенге дейін созылады. Алға қарай домалап асып түсуді орындаған кезде мынадай қателіктер жіберілуі мүмкін.

А) басты еденге тиюі;

ә) жиырылған денені уақытынан бұрын жазу;

б) домалап түсудің бастапқы кезінде қолды алға жылжытып жіберу.

В) домалап түскеннен кейін аяқты жазып, көсілу.

Домалап түсудің ең негізгі қажетті элементі – жиырылу. Жиырыла білуді үйрене бастағаннан кейін екінші біреудің көмегімен домалап асып түсуді өз бетінше орындаудан біртіндеп оны қиындатып орындауға көшу қажет: жүрелеп отырудан қолды тіреместен домалап асып түсу; адымдап және жүгіріп келіп домалап түсу; қолға зат ұстап домалап түсу және домалап түскеннен кейін допты қағып алу; төрт тағандап тұрған жолдасының үстінен,жіптен гимнастиакалық орындықтан, ағаш аттан, кіші ағаш аттан домалап асып түсу, т.б. Алға қарай домалап түсуді үйреніп болғаннан кейін қолды тіреу арқылы артқа қарай домалап асып түсу жаттығуын орындауға көшу керек. Бұған ерекше ұқыптылық қажет. Артқа қарай домалап асып түсудегі жүйелілікті шалқадан жатып, қолды иықтан асыра тіреу арқылы артқа серпілуден бастаған жөн.

Үйрену жүйесінің келесі кезеңі жүрелеп отырудан артқа қарай домалап асып түзу арқылы қолды тіреп тізерлеп отыру, домалап асып түсіп, аяқты алшақ қойып тіреп туру; артқа қарай домалап түсу арқылы қолды тіреп, отырғаннан кейін жоғары секіру; артқа қарай қатарынан екі үш рет домалап асып түсу. Шынтақты жерге тіреу арқылы жауырынға тұру. Шалқамен жату қалпынан аяқтың ұшын бастан асыра еденге тигізуге тырыса отырып, бел еденнен көтерілген кезде алақанмен мықылды қаусыра ұстап,қолды белге тіреу керек және қолды шынтақтан біріп оны дененің астына қарай көбірек жіберіп, бұдан кейін аяқты жоғары қарай созады да,шынтақты тірей көтерілу арқылы жауырынға тұру қимылы орындалады. Жауырынға тұру тәсілін орнықтыра түсу үшін аяқпен мынадай әр түрлі қимылдан жасау ұсынылады: аяқты бүгу;аяқты алшақ ұстау; бір аяқты алға, екінші аяқты артқа қарай жіберу т.б. Бұл жаттығуды бастапқы қалыпты өзгерту арқылы қиындатуға болады,яғни екі аяқты бірге соға ұстап отырып, жауырынға жүру керек. Аяқты сүймелдеп ұстау қауіпсіздендерудің және оған көмек берудің элементі болып табылады. Акробатикаға тән негізгі міндеттерді ойдағыдай іске асыру үшін және денені дамыту үшін «көпір жасуды»үйренуді шалқамен жату қалпынан бастау керек. Үйрену жүйесінің басында иілгіштікті және иық буындарының қозғалғыштығын дамытатын жаттығуларды негізгі тұрыста тұрған қалыпта еденде гимнастикалық қабырғада жасап жаттыққан жөн.Осылардан кейін барып «көпір жасау» тәсілдерін үйренуге көшу керек.

- 1.Шалқадан жатып, қолды иықтан асырып жерге тіреп,жолдасының көмегі арқылы белді көтеріп көпір жасау.
- 2.Бұл да сондай, бірақ көпірді жеке өзі жасайды. Қол мен аяқ иықтын кеңдігіндей



мөлшерінде түзу ұсталып, бас артқа шалқая береді. Көпірде 3 сек. тұру керек.

Көмектесу киетімен және қауіп сақтау үшін оның жолында бір оқушы тұрып, бір қолмен оның жауырынынан, екінші қолымен белінен демесуі қажет Жіберілуі мүмкін қателіктер:

- а)Қол мен аяқтың бүгіліп кетуі.
- ә)Қол мен дене аралығындағы бұрыш 180-тан кем болды.
- Б)Қол мен аяқтың арасы иық кеңдігінен не кең не тар болды.
- В)бастың артқа толық иілмеуі. т.б.
- Шатқа отыруды үйрену үшін мынадай жаттығулар жүйесі орындалған жөн:
- 1)Жауырынға тұру
- 2)Қолдың көмегімен жауырынға тұру
- 3)Жауырынға тұрудан жамбас буындарын бүге отырып, аяқты бастан асырып ерінге тигізу.
- 4)Жауырынға тұру қалпынан басты оңға не солға бұру арқылы артқа домалап түсіп,тіземен тіреп тұру.

Жартылай шотқа отыруды меңгеру үшін бастапқы қалпына тізерлеп тұрып, бір аяқты бүгіп, екіншісін жазып және артқа қарай жылжытып, жамбасты артқы өкшеге тигізгенше серіппелі түрге қозғау. Арқаны жазып, ілгері қарау керек.Бұл-жартылай шактқа отыру. Осы жаттығуды қайталау арқылы аяқтың арасын бірте-бірте алшақтата шатқа толық отыруды меңгеруге болады. Біртіндеп үйрену барысында гимнастикалық қабырғаны пайдаланған дұрыс. Үйрену кезінде екінші адамның көмегі қажет өйткені ол қауіпсіздік шарасын қамтамасыз етеді Қарлығаш бейнесін жасау үшін алдымен екінші адамның көмегіне сүйеніп, гимнастикалық қабырғаны, бөренені және т.б жабдықтарды пайдаланып, кейін жеке орындауға көшу қажет.

Әдебиеттер

1. «Жеңіл атлетикаға арналған жаттығулар және машықтану» Алабина М., М.Ф. 2000ж.
2. «Жеңіл атлетика жаттықтырушыларының кітабы» Хоменкова Л.С., М.Ф. и С., 2014ж.
3.Дене тәрбиесі. Әдістемелік құрал Г.Маковецкая, Т.Васильченко, О.Меркель.Алматы кітап 2009ж.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
UZDIK KALAM

ФУТБОЛ ОЙЫНЫН ОҚЫТУ ҮРДІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ

Көрібай Думан Бағдатұлы
Көкшетау қаласы Ш.Уалиханов атындағы
Көкшетау университеті
жанындағы көпсалалы колледжінің дене
тәрбиесінің мұғалімі

Футбол— (foot— аяқ,ball— доп) спорттың командалық ойын түрі. Футбол-әлемге аса танымал ойындардың бірі. Ойынның негізгі мақсаты қарсылас команданың қақпасына аяқпен немесе басқа да дене мүшелерімен (қолдан басқа) қарсылас команда салған саннан көбірек доп салу болып табылады.

Футбол тарихы XII ғасырдан басталады. Алғаш рет дамыды. Гастон де Фуа өз заманында футболды бар ынтасымен бақылап, ағылшындар футболды ойын деп есептесе, онда төбелесті не дейді?деп жазып кеткен екен. Футболға қарсылық көрсеткендер болды. Мысалы, шіркеудегі діндарлар, феодалдар футболға тыйым салынуын талап еткен екен. Өйткені, бүгінгі күнге дейін футбол өте қауіпті ойын саналып келеді. Футбол ережелері-ойынының бекітілген ережелері. Бұл ережелер (IFAB — International Football Association Board) тарапынан жазылып, тарапынан жарияланады. Ережелер топтағы ойыншылар санын, ойын ұзақтығын, алаң мен доп өлшемдерін және басқа да көптеген ойын қырларын қамтиды. Ережелердің соңғы редакциясы (2008 жылдың 1-шілдесі) 17 тармақтан тұрады. Халықаралық футбол ассоциацияның (IFAB) әр түрлі деңгейде және әр түрлі футболшылар топтары үшін (мысалы, жасөспірімдер үшін, әйелдер үшін, мүмкіншілігі шектелгендер үшін, т.б.) ресми түрінде қабылданған ойын шарттарының 17 нұсқасы бар. Әр командада максималды 11 ойыншы (қосалқы ойыншыларды санамағанда), оның біреуі - қақпашы. Өз айып алаңында қақпашыдан басқа ойыншы допты қолымен ұстауға болмайды. Қақпашыдан басқа ойыншылар қорғаушылар, жартылай қорғаушылар, шабуылшылар болып бөлінеді. Бір ойынның аты - матч, матч екі 45 минуттық бөлімнен (тайм) тұрады. Ойын арасында 15 минуттық үзілісі бар.

Футбол –студенттердің кең көлемдегі денсаулығын нығайтып және дамытатын дене тәрбиесінің көпшілік қолданылатын құралдарының бірі. Футболмен қазіргі кезде 3 миллионға жуық адам айналысады. Бұл шындығында да халықтық ойын, онымен ересектер, жасөспірімдер және балалар да шұғылданады.

Футбол – атлетикалық ойын. Ол адамның дене қасиеттерін, жылдамдықтың, ептіліктің, төзімділіктің, күштің дамуына ықпал жасайды. Адамның ерік – жігерін шыңдайды.

Футбол ойынының мақсаты екі коллективтің арасындағы бәсекелесте екеуінің де мақсаты бір ғана – жеңіс. Жеңіске деген ұмтылыс футболшыларды коллективтік әрекетке, өзара көмекке, достық және жолдастық сезімді тәрбиелейді. Футбол ойыны кезінде әрбір ойыншы өзінің жеке іс – қабілетін көрсете білуге, мүмкіндік ала отырып, сонымен бірге жеке ұмтылысты жалпы командалық мақсатқа жетуді талап етеді.

Ұйымдастыру мен басқару құрылымы.

1.Оқу жоспары мен бағдарламаларын құру.

2.Ұйымдастыру мен басқару құрлымының негізі.

3.Оқытушы кадрлар мен оқушылар құрамы.

Футбол ойынында допты тоқтау тәртіп бойынша қалыпты қозғалыстардың бірі болып саналады. Допты тоқтату толық болып саналады, егер доп тоқтап, қимылсыз жатса, толық емес болады, егер тоқтамай, тек жылдамдығын ғана азайтса. Ойында көбінесе толық емес тоқталулар қолданылады. Допты тоқтатуда табанның ішкі жағы қолданылады.

Домаланған допты ішкі табанмен тоқтату ойында көбірек қолданылады. Бұл әдіс ыңғай және оңды болып табылады. Допты өзіне қабылдаған футболшы сол мезетте-ақ допты бағыттауға дайын болып тұрады.

Футболдан оқу жаттығу және жарыстар жыл бойы өтетін болғандықтан, климаттық және метрологиялық жағдайлардың жиі өзгеріп отыруы, дененің шынығуына ағзаның қарсы тұруын көтеріп және бейімделу мүмкіншілігін кеңейтуге септігін тигізеді.

Спорттың басқа түрінен өткізілетін жаттығуларда, көбінесе қосымша спорт түрі ретінде футбол ойынын қолданылады. Бұл дегеніміз футбол дененің дамуына ерекше әсер етеді, таңдаған спорт спорт түрі бойынша жақсы дайындыққа септігін тигізеді. Футбол ойыны жалпы дене дайындығының жақсы бір құрал болып қызмет атқарады. Әртүрлі бағытты өзгертіп жүгіру, түрлі секіру, құрылымы жағынан әртүрлі сипаттағы дененің қозғалысы, допты алып жүру, қозғалыс жылдамдығы, ерік сапасының дамуы, тактикалық ой – осының барлығы жиылып көптеген бағалы сапаларды жетілдіреді. Олимпиядалық ойындардың қатарындағы футбол ойыны бойынша Қазақстан футболшыларының дене – күш, техникалық және тактикалық дайындығын жетілдіру, жаттықтыру әдістемесіндегі әлі пайдаланылмаған қордағы жаңа мүмкіндіктерді іздестірумен тығыз байланысты.

Сондай мүмкіндіктердің бірі болып футболшылар ағзасының оқу-жаттығу жүктемесіне жеке бейімделуі.

Футболдан оқу-жаттығу, жарыстар жыл бойы әртүрлі климаттық және метрологиялық жағдайлардың лезде өзгеріп отыруына қарамастан өткізіліп, соған ағзаның бейімдігін, мүмкіншілігін және қарсы тұру қабілеттілігін арттыруды қажет етеді.

Футбол ойыны бүкіл дүние жүзі халқының жан тәнімен құмарта шұғылданатын үлкен спорт түрі.

Біздің елде де қазіргі уақытта футбол өнері күн сайын даму үстінде. Қазақстан құрама командасы Азия құрылғы федерация құрамынан шығып, бүкіл әлем бойынша күштілер саналатын Европа елдерінің федерацияға мүше болып енді. Бұл өзгеріс Елімізде футбол өнерін дамыту, дене-күш, техникалық, тактикалық, психологиялық және функционалды дайындықтарын жетілдірудің жаңа әдістері құралдарын пайдалануға септігін тигізуде.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ашмарин Б.А. Теория и методика педагогических исследований в физическом воспитании (пособие для студентов, аспирантов и преподавателей иниституов физической культуры)М.: ФиС, 2018
2.Качани Л. Горский. Тренировка футболистов. Шпорт словацкое физкультурное издательство, Братислава, 2004
3. Айкенов Ж., Азнаев М., Құрымбаев Е., Ерепбаев Н. Футбол ойыны. - Шымкент. 2009.- С.83

АУЫЗША ЕСЕПТЕУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТЕРІН АРТТЫРУ

Мусина Айнур Абдигапуровна
Мұғалжар ауданы Сағашілі ЖББО мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі

Оқушылардың өз бетімен жұмысын қалыптастыру оқушының пәнге деген қызығушылығынан және қажеттілігінен туады. Мектеп оқушыларының өз бетінше жұмыстарын ұйымдастырудың басты формасы – жұмыстарды орындау,ептілік, іскерлік, шеберлік дағдысын дамыту.

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында жалпы білім берудің мақсаты – қазіргі қоғам талабына сай алынған терең білім, білік, дағдылар мен құзырлықтардың негізінде еркін бағдарлай білетін, қойылған мақсатқа танымдық қызмет жасау арқылы жете алатын, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру екендігі көрсетілген. Оны жүзеге асыру – мектептерде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға септігін тигізетін оқу процесін ұйымдастырудың тәсілдерін, әдістері мен нысандарын іздестіруге өзекті сипат береді.

Оқушылардың өз бетімен жұмысын қалыптастыру оқушының пәнге деген қызығушылығынан және қажеттілігінен туады. Өз білімін көтеру жекелеген оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу дағдысын дамытып, шығармашылық белсенділігін арттырады. Оқушылар оқыту барысында білім алады, ал содан соң оны қолдану ары қарай шығармашылыққа

үйлеседі. Математиканы оқытуда сабақтың нәтижелілігі мен оқушылардың ойлау белсенділігін арттыруда түрлі әдіс тәсілдерді іздестіруге көп көңіл бөлінеді.

Қызықты жаттығу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп отыру – сол тиімді әдістердің бірі. Қызықты жаттығулар балалардың ойлау белсенділігін арттырып, оларды есептеуге деген үлкен қызығушылық тудырады, осындай жұмыстар кезінде оқушылардың есте сақтау қабілеті арта түседі, математикалық тілі жетіледі. Мұғалім қызықты жаттығулар арқылы аз уақыт аралығында көлемі жағынан көп жұмыс тындырып, оқушылардың жаңа материалды меңгеруге дайындығын және қандай мәселелерге көбірек көңіл бөлу керектігін анықтай алады.

Сабақтың басында өткізілетін жаттығулар оқушыларды бірден жұмысқа кірістіретіндей қызықты болуы тиіс. Сабақтың ортасында немесе соңында, балалар жазбаша немесе практикалық жұмыстан шаршаған кезде, қызықты есептеулер оларды сергітеді, жұмыс қабілетін арттырады.

Қызықты жаттығуларды орынды әрі шеберлікпен пайдалана білу сабақтың нәтижелілігі мен сапасын арттырудың да негізгі тәсілдерінің бірі екендігін тәжірибе көрсетіп отыр. Ең алдымен оқушылардың зеректілігін, ойлау қабілетін дамытатындай есептер шығара білуге үйрету керек. Орта буында әзіл есептер мен сұрақтар ауызша есептеулерде зеректілікке, тапқырлыққа баулиды. Оқушыны ұшқыр ойлауға, тез шешім қабылдауға дайындайды. Әзіл есептер шығару арқылы қарапайымнан күрделіге қарай көңіл аудару керек. Бірте – бірте ақыл ойды жетілдіруге көмектесетін есептерді шешуге әкеледі. Осы арқылы баланың өзіндік көзқарасы қалыптасып, өзіне деген сенімі артады.

Мысалы:

«Бір адамнан оның неше баласы бар екенін сұрайды. Жауабы ойланарлықтай болады: «Менің 6 ұлым бар, ал әрбір ұлымда туған қарындасы бар». Осы жанұяда неше бала бар?». Жауабы: жеті бала (6 ұл, бір қыз)

Қарапайым логикалық, яғни әртүрлі мазмұндағы стандартты емес есептерді ауызша шығара білудің білімділік және тәрбиелік мақсаты зор. Бұндай есептер оқушылардың математика пәніне қызығушылығына және ойлау қабілетінің дамуына әсерін тигізері сөзсіз.

Мысалы:

1. Бірдей жеті бөлке нанды 12 адамға қалайша тең бөліп беру керек? (Бір бөлке нанды 12-ге бөлуге болмайды). Жауабы: үш нанды төрт тең бөлікке бөліп, қалған төртеуін үш тең бөлікке бөліп кесу керек. Сонда әрбір адамға наннан келетіндей 12 тең үлеске бөлінеді.

2. 1 • 2 • 3 • ... • 18 • 19 - 1 • 3 • ... • 17 • 19 айырмасы қандай цифрмен аяқталады?

Жауабы азайғыш нөлмен, азайтқыш 5-пен аяқталады, онда айырма 5-пен аяқталады.

Зеректілікке берілетін арифметикалық есептерді шешудің өзіндік жолы бар екендігін түсіндіру керек. Бұл қиынға түссе де, ойлау қабілетін дамытуға көп әсерін тигізеді.

Мысалы:

1. Үш сөреде кітап тұр. Төменгі сөредегі кітап қалған екі сөреге қарағанда екі есе аз, ал ортаңғыда қалған екеуіне қарағанда үш есе аз, ал үстіңгі сөреде 30 кітап тұр. Үш сөредегі кітап қанша?

Шешуі: Төменгі сөредегі кітаптарды бір бірлік десек, онда ортаңғы және жоғарғы екі сөреде екі бірлік , ал үш сөредегі барлық кітаптар үш бірлік. Бұдан төменгі сөреде барлық кітаптың бөлігі, ортаңғы сөреде барлық кітаптың бөлігі. Төменгі және ортаңғы екі сөреде барлық кітаптың бөлігі, бұдан жоғарғы сөредегі 30 кітап барлық кітаптың бөлігі; барлық үш сөредегі кітап (кітап).

2. Ағайынды үш адам бірге тұрмақшы болып үй сатып алды.Үй сатушы үйін тек жылқыға бермекші болды. Сондықтан үйдің құны үшін ең үлкені үш тай , ортаншысы екі тай берді. Жылқысы болмағандықтан кенжелері өз үлесі үшін ағаларына 10 қой берді. Сонда ағалары неше қойдан бөліп алулары керек?

Шешуі: Үйдің құнының бір үлесі 10 қой болса, құны 10*3= 30 қой. Немесе 3+2=5 тай. Сонда 1 тайдың құны 30 : 5= 6 қой. Үлкені 3*6 = 18 қойдың құнын төлеген. Ендеше

18 - 10 = 8 қой алуы керек. Ортаншысы 2*6 = 12 қойдың құнын төлеген, ендеше

12 – 10=2 қой алуы керек.

Жауабы: 8; 2.

Оқушылардың білім деңгейін арттырудағы мұғалімнің іс-әрекеті дегеніміз – оқушының білімін жетілдірудегі, түрлі қажеттерді өтеуге байланысты белгілі мақсатқа жетуге бағытталған процессті айтамыз. Яғни мұғалімнің сабақ үстінде оқушыға білім беру мақсатымен жүргізілетін жұмыс түрлері. Оқушылардың білім деңгейін арттырудың жолдары: Ауызша есептеуге үйрету тәсілдері

Есеп шығаруға үйрету алғашқы сабақтардың өзінде-ақ басталып, сынып ілгерілген сайын бірте-бірте сәйкес шеберлік те қалыптаса бастайды.

Ауызша есептеуге үйрету уақыт үнемдеу тұрғысынан тиімді. Бір ғана мысалдың нәтижесін бірнеше тәсілмен есептегенде берілетін түсіндірмелер, аралық нәтижелердің қалай шығатыны, ақтық нәтижеде не болатыны ауызша айтылады да, оларды жазуға уақыт жұмсалмайды. Оған қоса қай тәсілді қолдану оқушының өз еркінде болғанымен, олардың барынша тиімдісін іріктеп алуды үйретуге де мүмкіндік мол.

Ауызша есептеуге үйретуде оқушылардың білімі мен дағдысын тексеру кезінде математикалық диктант ретінде қолдануды ескеру қажет. Диктанттан кейін тексеруді ауызша жүргізген қолайлы.

Математика сабағында ауызша есептеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор.

Сабақта оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін есеп шығарғанда орындайтын амалдарды ойша шешіп алуды дағдыландырған жөн.

Сабақтарда балалардың математикаға деген ынтасын арттыруға,олардың өз бетінше жұмыс істей білу дағдысын тәрбиелеуге ерекше назар аударылады. Пәнге деген ынтасы мен өз бетінше ойлай білу өзара тығыз байланысты. Сабақ балалар үшін қызықты өткенде, олардың оқу жұмысында да белсенділігі артып, өз бетінше жұмыс жасап, белсенділігін арттырғандығынан олардың пәнге деген ынтасы өседі. Оқушыларды өз бетімен ойлауға тәрбиелеп, математикаға деген ынтасын арттыру үшін оқыту әдістерін дұрыс таңдап алудың маңызы зор. Оқудың белсенді әдістерінің бірі – оқушыларға өз бетімен жұмыс істете білу. Барлық сабақтың елеулі бөлігінде өз бетімен жұмыс істегенде оқушы жұмыстың мақсатын айқын түсіне білуі, оны орындауы, тексеруі және қателіктерді түзетуі сияқты өз бетімен істелетін жұмыстың жалпы әдістерін бірте-бірте игеріп алуы тиіс.

Оқушылардың сабақта өздігінен орындайтын жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін математика кабинеттерінде дидактикалық материалды, үлестірмелі материалдар, баспа негіздегі дәптерлер, тағы басқа оқу құралдары жинастырылуы қажет. Дегенмен оқушыларға оқулықпен жұмыс істеуді үйретудің орны ерекше. Барлық ғылыми-техникалық білімнің көзі – кітапқа, оның ішінде оқулыққа оқушылардың сүйіспеншілігі мен құрметін арттыру, олармен өздігінен жұмыс істеуді үйрету мұғалімнің басты міндетінің бірі. Өзіндік жұмыс үшін оқулықтан берілген жаттығулармен қатар көбінесе тақтаға жазылған, сондай-ақ қалталы полотноға белгіленген тапсырмалар ұсынылады. Өзіндік жұмыс үшін кейде тапсырма әрбір оқушыға жеке түрде беріледі. Бұл жағдайда тапсырмаларды әр оқушының шама-шарқын ескере отырып, сораптауға болады. Сонда жұмыстың өз бетімен орындалу дәрежесінің жоғары болуы қамтамасыз етіледі. Өзіндік жұмысты сыныпта жүргізу оқушыларға дағдыларын игертеді және олардың сабаққа деген ынтасын арттырады. Өзіндік жұмыстарды жүргізгенде тапсырмаларды карточкалар бойынша ұсынған тиімді. Мұнда оқушылардың жеке дара ерекшеліктері және үлгерім деңгейлерін барынша ескеру мүмкін болады. Оқушыларды жалықтырып жібермес үшін, өзіндік жұмыс түрлерінің өзгермелі болғаны жөн.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
UZDIK KALAM

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ АКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ ПРИ ФОРМИРОВАНИИ НАВЫКОВ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Куприянчик Виктория Игоревна
учитель английского языка
Коммунальное Государственное Учреждение
"Опорная школа (Ресурсный центр)
имени Ыбырая Алтынсарина" отдела образования
Нуринского района управления образования
Карагандской области

